Сыр бойы

№192 (20266)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14 желтоқсан, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

2 Еңбекке құрмет

4 Сыр медицинасындағы серпіліс кезеңі

5 Құжаттар қалай сөйлейді?

6 «Жеруйықтағы» жан сәулесі

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Олардың қатарында өндіріс, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау салаларының көрнекті өкілдері, мәдениет және ғылым қайраткерлері, спортшылар, еңбек ардагерлері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық, денсаулық сақтау салаларын дамытудағы және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін жазушы Ә.Әшімовке (Тарази), Нұр-Сұлтан қаласындағы «Онкологиялық орталық» МКК бас дәрігері М.Төлетаевқа, Шығыс Қазақстан облысының «Қазмырыш» ЖШС бас директоры А.Хмелевке берілді.

«Отан» орденімен жазушы С.Досанов, еңбек ардагері М.Жолдасбеков, ақын А.Бақтыгереева, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы А.Айдарбаев, «А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Б.Баймаханов, «Bazis Holding Company» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы А.Белович, жазушы Д.Исабеков, Қазақстан Православ шіркеуінің басшысы, Астана және Қазақстан Митрополиті Александр марапатталды.

Сондай-ақ I, II, III дәрежелі «Барыс» ордені, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, «Парасат», II дәрежелі «Достық», «Құрмет» орденіне түрлі салада еңбек ететін азаматтар ие болды.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені 105 еңбеккерге, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы 553 адамға берілді.

Әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы I және II дәрежелі «Даңқ», сондай-ақ, I, II, III дәрежелі «Айбын» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ҰЛТ МЕРЕЙІН ӨСІРЕР ҰЛЫ МЕЙРАМ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыруға арналған салтанатты рәсімге қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде салтанатты жиынға қатысушыларды Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, бұл мерекенің ұлт мерейін өсіретін ұлық мейрам екенін атап өтті.

– Біз тарих тұрғысынан алғанда қысқа мерзім ішінде жаңа Қазақстанның негізін қаладық. Тұғыры берік, экономикасы қуатты, беделі биік мемлекетке айналдық. Мұның бәрі, ең алдымен, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының жемісі. Сонымен бірге, бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің нәтижесі. Кез келген халықтың табысқа жетуі азаматтарына байланысты. Бұл – өмірдің заңы. Адам капиталы мықты мемлекет барлық қиындықты еңсере алады. Тәуелсіздік кезеңінде халқымыз елдіктің бірегей үлгісін көрсетті. «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтылмаған. Шын мәнінде, біздің бүгінгі жетістігіміз – барша халқымыздың ортақ жеңісі. Жаңа Қазақстанды өркендетуге азаматтарымыздың көбі сүбелі үлес қосты. Бүгінгі мерейлі сәтте еліміздің барша азаматтарына табанды еңбегі үшін зор алғыс айтамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы көпғасырлық мемлекеттілігіміздің маңызды кезеңі және заманауи Қазақстан жылнамасындағы айтулы белес екеніне тоқталды. Оның айтуынша, осы жылдар ішінде еліміз зор жетістіктерге қол жеткізген, күрделі сын-қатерлерді еңсерген үлкен жолдан өтті.

– Ел азаматтарының басым көпшілігі өздерінің қажырлы еңбегімен қуатты әрі дамыған мемлекет құру ісіне елеулі үлес қосып келеді. Бүгін өздеріңізді марапаттай отырып, Қазақстанды көркейтуге үлес қосқан барлық азаматқа ризашылық білдіреміз. Сіздер нағыз отаншылдықтың, кәсіби білік пен адал еңбектің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Өскелең ұрпақ өздеріңізге қарап бой түзейді. Осыдан бір жыл бұрын мен үлкен мерейтойды шусыз, даңғазасыз, ысырапсыз нақты жұмыстармен атап өту қажеттігі туралы айттым. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында жаңа, ауқымды реформалар қолға алынды. Сондықтан, бұл жылды нәтижелі болды деуге толық негіз бар. Біз экономиканы және әлеуметтік саланы жан-жақты жаңғыртып жатырмыз. Індетке қарамастан, мемлекет отандық бизнеске қолдау көрсетуде, – деді Мемлекет басшысы.

Президент экономиканы және әлеуметтік саланы жаңғырту мәселесіне, соның ішінде өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, құрылыс саласының, қаржы секторының қарқынды дамуына назар аударды. Өңірлерде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Білім беру және денсаулық сақтау салаларында кешенді трансформация жалғасуда. Мемлекет зейнетақы, жәрдемақы және еңбекақы көлемін тұрақты түрде арттырып, өзінің әлеуметтік міндеттемелерін орындауда.

– Мемлекеттік басқару жүйесінде ауқымды өзгерістер болды. Мен халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған 10 ұлттық жобаны бекіттім. Қоғамдық-саяси салада елеулі өзгерістер жасалуда. Мен ұсынған саяси реформалар топтамасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Біз Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткіздік. Биыл маусым айында адам құқықтары саласындағы алдағы шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжат құқық қорғау саласын кешенді түрде жаңғыртуға бағытталған. Қоғамдық диалогты біртіндеп дамыту үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мұның бәрі азаматтарымыздың шешім қабылдау және мемлекеттік басқару ісіне белсене қатысуына жол ашады. Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділетті қоғам құру. Бұл стратегиялық бағыт өзгермейді. Алдымызда халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру, қасиетті Тәуелсіздігімізді нығайту жөніндегі ауқымды міндеттер тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Парламенттің қос палатасының төрағаларына, Премьер-Министрге және Мемлекеттік хатшыға Тәуелсіздік күні қарсаңында жергілікті тұрғындармен кездесу үшін аймақтарға барып, еңбегімен ерекшеленген азаматтарға мемлекеттік наградалар табыстау жөнінде берген тапсырмасы туралы айтты.

ҮКІМЕТ

Кеше ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Роман Скляр мен РФ Үкіметі төрағасының орынбасары Юрий Борисовтың төрағалығымен өткен пленарлық отырыста «Байқоңыр» кешені бойынша 7 үкіметаралық комиссия жұмысының қорытындысы шығарылды.

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ РЕСЕЙ МЕКТЕПТЕРІНДЕ «Қазақстан тарихы» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері оқытылады

Келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының «Байқоңыр» кешенін бірлесіп пайдалану перспективалары мен одан әрі дамытуға, сондай-ақ Байқоңыр қаласының әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

Оның ішінде, Байқоңыр қаласындағы РФ орта мектептерінде міндетті пәндер ретінде «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін енгізу туралы мәселе қаралып, Үкіметаралық комиссияның шешімімен РФ Білім министрлігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігіне Байқоңыр қаласындағы РФ орта мектептерінде «Қазақстан тарихы» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін енгізу туралы мәселені пысықтау жөнінде хаттамалық тапсырма берілді.

Комиссия отырысында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова баяндама жасап, бірлескен жұмыс нәтижесінде Байқоңыр қаласы бойынша бірқатар мәселелердің оң шешімін тапқанын мәлімдеді.

– Байқоңыр қаласында жұмыс істейтін Ресей мектептерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндерін оқытуға қатысты Қазақстан тарапының бастамасын қолдағаны үшін ресейлік әріптестерімізге ризашылығымды білдіргім келеді. Өз кезегінде Қызылорда облысының әкімдігі мектептерді тиісті біліктіліктегі қажетті педагогикалық құраммен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуге көмек көрсетуге дайын.

2-бет

ТҰСАУКЕСЕР

БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕЙДІ

«Сыр журналистикасының тарихы» бестомдығының тұсауы кесілді

«Адамзаттан бұрын қалам жаратылған» деген сөз бар. Қалай десек те қалам – сөз, қалам – ой, қалам – тарих, қалам – бүгін, қалам – болашақ. Ал осы бес тоғыстың сарыны Сыр бойында үндесе тербеліп тұрғанын өзге жұрт та жақсы біледі. Өйткені, Сыр – өркениеттің өзегі!

Өткен сенбіде Сыр бойының рухани әлеміне жаңа туынды қосылды. «Сыр журналистикасының тарихы» атты бестомдықтың тұсауы кесілді.

Қызылорда қаласында өткен рухани шараның бастауында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова отандық журналистиканың дамуына үлес қосқан бірқатар азаматтармен кездесті.

Кездесуге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, филология ғылымдарының докторы, қоғам қайраткері, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану кафедрасының профессоры, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Амантай Шәріп, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай және «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев қатысты. Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет болды.

Аймақ басшысы қалам иелерінің халық пен билік арасындағы алтын көпір екенін тағы бір нақтылай түсіп, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тарту ретінде «Сыр журналистикасының тарихы» атты бестомдық кітап жарыққа шығып отырғанын және бұл журналистерге деген құрметтің бір дәлелі екенін атап өтті.

– Облыс журналистикасындағы таланттардың құрметіне «Сыр журналистикасының тарихы» атауымен бестомдық кітап жарық көріп отыр.

Бұл Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерейлі мереке қарсаңында Сіздердің еңбектеріңізге сый-құрмет көрсету деп қабылдаңыздар.

Жалпы журналистиканың тарихында, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында – «Дала уалаяты», «Қазақ газеті», «Айқап», «Сарыарқа», «Абай», тағы басқа газет-журналдар жарық көргені белгілі. Олар ішінара Сыр бойына да таралды.

Сыр өңірі – қаймағы бұзылмаған қазақылықтың қайнаған ортасы. Елбасы Алаштың анасына балаған құтты мекен, ұлтжанды, халықшыл қаламгерлердің ордасы, – деді облыс әкімі.

Кездесу барысында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп Сыр елі журналистикасының қолтаңбасы ерек және сол қаламының қуатымен ел дамуына үлес қосып жүрген журналистердің еңбегі зор екенін тілге тиек етті.

3-бет

СЕССИЯ

Ұсыныста ел мүддесі тұрады

Кеше облыс әкімінің міндетін атқарушы Нұрлан Тілешовтың қатысуымен VII сайланған облыстық мәслихаттың кезекті 9 сессиясы өтті. Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов күн тәртібін хабарлағаннан кейін Н.Тілешов депутаттарға арнап сөз сөйледі.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Жылды қорытындылайтын кезеңге жақсы нәтижелермен жетіп отырмыз деген ол осы кезге дейін барлық аудан орталықтары газдандырылғанын атап кетті. Сонымен қатар бірнеше елді мекен тұрғындарына «көгілдір отын» жетіп отыр. Бұл жұмыс келесі жылы да жалғасын табады.

Жыл ішінде 330 шақырым жол жөнделген. Қызылорда облысын дамыту бағдарламасындағы жалпы құны 9,5 млрд теңгеден асатын 160 жоба жүзеге асырылды. Көптеген шағын және орта кәсіпорындар жаңадан жұмысын бастады. Соның нәтижесінде жүздеген адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Жуырда ғана шыны зауытының құрылысы аяқталып, оның күйдіру пеші іске қосылды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе – «2022-2024 жылдарға арналған облыс бюджеті туралы» облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай баяндама жасады.

2-бет

ТҰСАУКЕСЕР

Өткенге таразы, танымға байғазы болған еңбек

Көне түркі даласын мекен еткен қазақ халқы сан ғасырлық өмір көшін басынан өткізді. Басқасын айтпай-ақ «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны» еске алсақ та алдымыздан халқымыз тартқан қасірет пен тағдырдың тағылым жолдары жосылып шығады. Осы секілді тарих теперіштерінде Сыр бойы – бүкіл түркі жұртына сая болған қасиетті мекен.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1998 жылы облысымызға келген сапарында Сыр елінің арғы-бергі тарихына таразы болар «Сыр – Алаштың анасы» деген ұлағатты сөзін айтқан еді. Бұл сөз бүгінде аймағымыздың анықтауышы ғана емес, рухымызды көтерген қанатты қағидамызға айналды.

2-бет

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ РЕСЕЙ МЕКТЕПТЕРІНДЕ

«Қазақстан тарихы» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері оқытылады

«Байқоңыр» кешені жөніндегі Үкіметаралық комиссияның жалпы үйлестіруімен ҚР мен РФ мемлекеттік органдарының бірлескен іс-қимылдарының арқасында қаланың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылып жатқанын атап өткім келеді.

Бүгінде бізде Байқоңыр қаласы тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсарту және «Байқоңыр» кешенінің одан әрі табысты жұмыс істеуі үшін бар мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік бар, – деді облыс басшысы.

Екіжақты келісім арқылы Байқоңыр қаласындағы РФ орта мектептерінде білім алатын ҚР азаматтарына өздерінің мемлекеттік тілін дамытуына,

1-бет

патриоттық және рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім гранттарын алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасалатын болады.

Сондай-ақ, комиссия отырысында «Байқоңыр» кешеніндегі пайдаланылмай тұрған нысандарды жалға беруден шығару, есептен шығару және кәдеге жарату, Байқоңыр қаласының жылу электр станциясына табиғи газды жеткізу мәселелері бойынша екіжақты тараптардың ұстанымына қарай ортақ шешім қабылданатын болады.

Еске салайық, қазіргі таңда, Байқоңыр қаласында 12 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 5 мектеп ҚР Білім беру стандарттары бойынша, 7 мектеп РФ Білім беру стандарттары бойынша оқытуда. Мұнда барлығы 9232 оқушы білім алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Өткенге таразы, танымға байғазы болған еңбек

Сол ұлағатты негіз етіп, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесі құрметіне облыс әкімінің жобасымен «Сыр – Алаштың анасы» деп аталатын тарихи құнды фотошежіре кітап жарық көрді.

Кітапта Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың алғысөздері беріліп, Сыр елінің тарихы, экономикалық-әлеуметтік келбеті, рухани бейнесі көрініс тапқан.

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада осы кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Оған өңіріміздің белгілі ғалымдары, ардагерлер, руханият өкілдері қатысты.

Тұсаукесерді облыс әкімінің орынбасары, редакциялық алқа төрағасы Серік Ахмет ашып, жиналған қауымды тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. Кітаптың мазмұны мен көркемдік-идеялық ерекшелігіне тоқталды.

«Біз осы кездері тарихи күндерді бастан кешіп отырмыз. Тәуелсіздіктің отыз жылы аясындағы әрбір ісіміз тарихи маңызға толы. Әсіресе, руханият, рухани жаңғыру саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар баршылық. Жақында Сыр өңірі фольклоры антологиясының 1-томы «Жанқожа батыр» жырларын жарыққа шығардық. Күні кеше «Сыр журналистикасының тарихы» деп аталатын бестомдықтың тұсауын кестік. Оған елордадан және басқа да өңірлерден мәртебелі қонақтар келіп қатысты.

Міне, енді Сыр елінің кешегісі мен бүгінін бедерлеген құнды еңбектің тұсаукесерінде бас қосып отырмыз. Облысымыздың орнын айқындайтын, тарихын танытатын еңбектер бұған дейінгі жылдарда да жарық көрген болатын. Бұл еңбектің бәсі бөлек. Оның жарық көруіне ғалымдарымыз, туған жердің тарихын жақсы білетін азаматтарымыз белсенді еңбек етті. Ардагерлерден бастап студентерге дейін үлес қосты. Сол үшін әрбіріңізге рахмет», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Алғашқы сөзді ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы Қылышбай Бисенов алды. Академик тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріміздің тікелей Елбасы еңбегімен байланысты екенін атап өтті. Жарық көріп отырған кітаптың құндылығын, оның ғылыми, рухани мәнін сөз етті. Алдағы кезеңде Арал-Сырдария деген ұғым арқылы еліміздің тарихын зерттеуге мүмкіндік алатын жаңа жобалар қабылданса деп ұсыныс білдірді. Сонымен бірге осы кітапты тартулайтын сыйлық есебінде ғана пайдаланбай, Ұлттық кітапханаға, шетелдердегі елшіліктерге тарату керектігіне, сол арқылы инвестиция тарту мүмкіндігі туатынына тоқталды.

Мұнан соң облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамов сөз сөйледі. Ол сөзінде біздің эрамызға дейінгі замандардан келе жатқан көші бар, осыдан 550 жыл бұрын құрылған Қазақ хандығында ерекше орын алатын Сыр елінің қазынасы қалың, тарихы терең екенін, бұл кітаптың осындай ғылыми деректерге негізделгенін айтып, шолу жасап өтті. «Әрине, оған риза болатын да, сын айтатын да адам табылады. Дегенмен, тұсауы кесіліп отырған кітаптың үлкен еңбек, қымбат қазына екені анық», – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Келесі сөзді Қорқыт ата атындағы университеттің «Қорқыттану» ғылыми орталығы жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты Бағдат Кәрібозов алып, фотошежірені өте сәтті еңбек деп бағалады. Осы еңбекті сериялы түрде жалғастырып, қамтылмай жатқан мәселелерді қолға алу абзал болар еді деді.

«Рухани жаңғыру» орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты У.Ибраев та дәл осындай ықыласын, тілегін жеткізді.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары С.Ахмет қорытындылап, кітапты дайындау жұмыстарында белсенділік көрсеткен азаматтарға алғыс айтты, филология ғылымдарының кандидаты А.Оңғарбаев басқаратын «Сыр медиа» ЖШС журналистерінің белсенділігіне ризашылық білдірді.

Сыртқы келбетіне ішкі мазмұны сай Сыр елінің тарихи шежіресі тәуелсіздік мерекесіне жасалған тамаша тарту екенін атап өтті.

Кітаптың көк желегін сахна ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Х.Әмір-Темір, еңбек ардагері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы С.Аңсатов, академик Қ.Бисенов кесіп, өнерпаздар әннен шашу шашты.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай салтанатты жиын өтіп, онда мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі үшін еңбек ардагерлері мен бірқатар азаматтар марапатталды.

Еңбекке құрмет

Өңір басшысы Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерге тоқталып, түрлі саладағы азаматтардың аймақ дамуына қосқан сүбелі үлесін тілге тиек етті.

– Сіздерді еліміздің ең басты ұлық мерекесі – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы жылдар ішінде Сыр өңірі қарқынды дамып, индустриалды-аграрлық өлкеге айналды. Барлықтарыңыз өңірдің дамуы жолында сан салада еселі еңбек еттіңіздер! Отбасыларыңызға амандық, саулық, елімізге тыныштық тілеймін! Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз баянды болсын! – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, кездесуде еңбегі еленіп, марапат төрінен көрінген азаматтарға мемлекеттік наградалар табыс етілді.

Атап айтсақ, Сыдария аудандық сайлау комиссиясының төрайымы Балшекер Өтегенова «Құрмет» орденімен, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ал Қазалы аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Мұратбай Әбубәкір «ҚР Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Мұнан бөлек, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі үшін 26 азаматқа Президент Жарлығымен бекітілген ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекелік медалі табысталды.

МЕРЕЙ

Майдан Мәселеева – 70 жаста

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова еңбек ардагері Майдан Мәселееваны 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

– Егемендігіміздің бастауында тұрған Тұңғыш Президентпен бірге бүгінгі ел ағалары, ардагерлеріміз мемлекеттің, Сыр өңірінің аяғынан тұрып, нығаюына зор үлес қосты.

Тарихы терең, топырағы кенен біздің Сыр елі – ұлттың бағына туған талай қайраткер тұлғаларды тербеткен өңір. Сондай азаматтарға лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын жастарға үлгі етуді дәстүрге айналдырып келеміз.

Бүгін, міне, осындай қайраткер тұлғамыз, еңбек ардагері Майдан Аяшқызы Мәселеева апамыздың 70 жасқа толған мерейлі күніне орай жиналып отырмыз.

Майдан апамыз дүниежүзін жайлаған экономикалық дағдарыс кезінде жұмыссыздық деңгейінің өсуі, жалақы мен зейнетақы, балалар жәрдемақысының бірнеше айлап берілмеуі салдарынан халықтың тұрмыс-тіршілігі төмендеп, күрделі жағдай орын алған кезеңде облыс тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға еселі еңбек етті.

Облыстың тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік-экономикалық даму тарихында Майдан Аяшқызының да өз қолтаңбасы бар. Сізді Сыр жұртшылығы атынан 70 жасқа толған мерейтойыңызбен тағы да құттықтаймын! Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, амандық тілейміз, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Кездесуде облыс әкімі еңбек ардагеріне Президент Жарлығымен бекітілген ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекелік медалін және облыстың ең жоғары наградасы – Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, қазақ дәстүріне сай құрмет көрсетті.

Майдан Мәселееваның замандас әріптестері, еңбек ардагерлері Нажмадин Мұсабаев, Камал Шөкеновтың жұбайы Длара Раимбердиева және Раиса Көзденова құттықтап, мерейтой иесінің өмір және еңбек жолы жайлы айтты.

Майдан Мәселеева 1951 жылы 13 желтоқсанда Өзбекстан Республикасында дүниеге келген. Семей қаржы-экономикалық колледжін, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1971 жылы Қармақшы аудандық қаржы бөлімінде аға экономистен бастап, мемлекеттік кірістер инспекциясының бастығы, меңгерушінің орынбасары, салық инспекциясының бастығы, салық инспекциясы бастығының бірінші орынбасары, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы, облыс әкімінің кеңесшісі, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды.

«Құрмет» орденінің иегері.

Ұсыныста ел мүддесі тұрады

Басқарма басшысы 2021 жылға арналған облыстық бюджет өткен жыл соңында 411 млрд теңге көлемінде бекітілгенін еске салып, келесі жылғы облыстық бюджет 451 млрд теңге көлемінде бекітілуге ұсынылып отырғанын жеткізді.

Ал жыл көлемінде болып өтетін толықтырулар мен өзгертулер нәтижесінде облыстық бюджет жарты триллион теңгеге жетіп қалады деген болжам бар. Н.Қордабай облыстық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде депутаттар тарапынан болған ұсыныстарға қатысты келесі мәліметтерді келтіріп өтті. Халық қалаулыларынан жалпы орындалу құны 31 млрд теңгеден асатын 274 ұсыныс түскен. Барлық ұсыныстар сарапталып зерделенгеннен кейін 198 ұсынысты орындауға 21,7 млрд теңге қажет екені анықталды. Бұл ұсыныстардың бірде-біреуі ескерусіз қалмайтынын айтқан басқарма басшысы алғашқы кезекте бюджеттік жобаға 4,2 млрд теңгені құрайтын 44 ұсыныс енгізілгенін жеткізді. Басқа ұсыныстар кезең-кезеңімен орындалатын болады.

Мұнан соң ол сессияға дейін өткен тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында айтылған ұсыныстардың бірқатары бюджетке енгізіліп отырғанын мәлімдеді.

Бірлескен отырыста депутаттардың бір тобы биылғы қуаңшылықты, соған сәйкес мал шаруашылығында пайда болған қиыншылықтарды ескере отырып, мал шаруашылығын, оның ішінде асылтұқымды мал басын көбейтуге, өнім сапасын арттыруға және бағасын арзандату мақсатында субсидия беру мәселесін көтерген болатын. Басқарма басшысы бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 2 млрд 681 млн теңге қаржы бөлінетінін жеткізді. Бұған қосымша жем-шөп және техника үшін тағы да 600 млн теңге қаралған.

Ал депутат Ібайдулла Тілептің Әйтеке би кентіндегі 18 пәтерлі үй орналасқан аумақты абаттандыруға қатысты ұсынысына сәйкес бюджет жобасына 52 млн теңге енгізіліп отырғаны айтылды. Орынбасар Төлеповтың Жосалы кентінің шығысындағы тұрғын үйлер аяқсу каналынан көтерілген ызадан зардап шегіп отырғаны туралы ұсынысына 50 млн теңге бөлінетіні, Имамзада Шағыртаевтың Жалағаш аудандық ауруханасына техника алу туралы көтерген мәселесіне денсаулық сақтау саласына бөлініп отырған 500 млн теңге жүзеге асырылатыны мәлім болды. Ал Талғат Жақыпбаевтың облыс орталығындағы әл Фараби ауданының инфрақұрылымдық желілер құрылысы бойынша айтқан мәселесі республикалық бюджеттен келетін қаржы есебінен шешілетіні хабарланды.

Күн тәртібіне сәйкес облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеумбетов 2020-2024 жылдарға арналған Қызылорда облысының көлік инфрақұрылымдық даму жоспарын халық қалаулылары назарына ұсынды. Жоспарда облыс көлемінде жол айырықтарын жасау, көпірлерді жаңалау, автомобиль жолдарын жөндеу секілді барлығы 47 жоба енгізілген екен. Депутаттар олардың барлығына қолдау білдірді.

Осы орайда депутат Аманжол Оңғарбаев Бейнеуден шығып «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізіне қосылуы тиіс жолдың Ырғыз тұсынан емес, Сексеуіл кенті тұсынан қосылғаны оңтүстік облыстардан Маңғыстау өңіріне жол тартқан көліктер үшін өте тиімді болар еді деген ойын ортаға салды. Сондықтан жобалаушыларға Қызылорда облысының

депутаттары өз ұсынысын жеткізуі тиіс. Депутат Қылышбай Бисенов бұл мәселеге Парламенттің екі палатасындағы депутаттарымызды жұмылдыру қажеттігін айтты. Олар Үкімет деңгейінде жұмыс жүргізіп, жолдың Сексеуіл кенті тұсынан өтуінің тек Қызылорда мен оңтүстік облыстарға ғана емес, сонымен қатар көрші республикалар үшін өте тиімді, әрі қысқа жол болатынын дәлелдеп қорғап шығуы керек деді. Н.Байқадамов бұл өте орынды мәселе екеніне назар аударып, депутаттық фракцияларға тездетіп ұсыныс дайындауға тапсырма берді.

Сессияда күн тәртібіне енгізілген өзге де мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер шығарылды.

Сессия соңында Наурызбай Байқадамов бірқатар облыстық мәслихат депутаттары мен мәслихат аппаратының қызметкеріне «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалін табыс етті. Олардың арасында депутаттар Аида Әбибуллаева мен Сәрсенкүл Биқожа ҚР Парламенті Сенаты төрағасының «Құрмет грамотасымен», Гүлнар Есқалиева ҚР Парламенті Сенаты төрағасының «Алғыс хатымен» марапатталса, Еркебұлан Аяғановқа «Үздік депутат» төсбелгісі табыс етілді.

Депутаттық сауал

Күні кеше өткен облыстық мәслихаттың кезекті тоғызыншы сессиясында облыстық мәслихат депутаты, «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Аманжол Оңғарбаевтың жолдаған депутаттық сауалы

Құрметті әріптестер!

Құрметті Нұрлан Шәймерденұлы!

Талқыланып отырған мәселе Қызылорда облысын дамыту бағдарламасын бекіту болғандықтан өз ойыммен бөлісуді жөн санап отырмын.

Өздеріңіз білетіндей, биылғы жыл Арал ауданында құрғақшылық орын алып, төтенше жағдай жарияланды. Жауын-шашынның болмауынан және Сырдария өзенінде су деңгейінің төмен болуына байланысты шөлдеген мал жағалауда пайда болған ұйықтарға батып, шықпаған шөптің ізін қуып, құм жеп, қаталап қырылды /ресми деректер бойынша 600 бас/.

Одан бөлек алдағы қыста қолда қалған малын қайтсем аман алып қаламын деген жүздеген шаруа қожалықтар көршілес Ақтөбе облысының территориясына көшірілді. Елде қалған шаруашылықтар да мемлекетке қол жайып қарап отырмай жем-шөп азығын әзірлеп өз қамын жасады. Ал нарықта жем-шөп құнының бірнеше еселеп өскенін көріп отырмыз.

Облыс әкімдігі төтенше жағдай аясында бюджет қаражатының шегінде Бұрмақұлақ учаскесін бөгеу, Дің, Бектау және Ералы каналдарын қазып-тазалау жұмыстарымен қатар, Мергенсай, Ақбасты, Сексеуіл және Аққұм ауылдарынан су ұңғымаларын қазу жұмыстарына тиісті қаржы бөлді. Атқарылған жұмыстар жоқ емес, алайда әлі де қолға алынуы тиіс көптеген мәселе көрініп тұр. Себебі алдағы жылы осы құрғақшылықтың жалғаспасына ешкім кепілдік бермейді. Егер биылғы қиындық қайталанса жіберген қателіктің алдын алуға дайынбыз ба?

Биылғы жылы Арал ауданы бойынша облыстық бюджетке ұсынылған 15 су ұңғымасының 4-еуі ғана қазылса, 8 каналдың 3-еуінің арнасы ұлғайтылды.

Ендігі кезекте Арал ауданының қыр беткейіндегі су ұңғымаларын қолға алмасақ, тіршілігін төрт түлікпен түлетіп отырған араддықтардың күн көрісіне облыстық әкімдік жәрдем береді дегенге күмәнмен қарайтын болады.

Сонымен қатар ауданда соңғы жаңалықтарда көріп жүргеніміздей, егін шаруашылығын дамыту қолға алынып жатыр. Бұл шаралар Бұрмақұлақ арнасын бөгеумен Аспай су ағытқысын іске қосудың нәтижесі деп білеміз. Алайда дариядан егіске су өз ағысымен бармағаннан кейін одан кетпенін ұстаған шаруа мол өнім алатынына тағы көз жеткізе алмай жалтақтайтыны сөзсіз. Сондықтан да облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы арқылы жасалған каналдарды тазалау мен су ұңғымаларын қазу жобаларын, біраудыздан тиісті қаржысын бөлу арқылы қолдауға шақырамын.

Сонымен қатар облыстық табиғи ресурстар басқармасы құрғақшылық мәселесімен күресуде сырт қалған басқармалардың бірі ретінде танылып отыр. Олай дейтінім қуаңшылықпен күрес кезінде облыстық басқармадан осыдан 2 жыл бұрын ұсыныс берілген СНП10/500 су айдау насосынан басқа жәрдем берілмеген. Бір қызығы, бұл насостарды ұстап тұру шығындары бюджеттен қаралмаған.

Сондай-ақ аталған насостарды қазіргі дариядағы су деңгейімен есептегенде пайдалану өте тиімсіз. Сондықтан қазіргі заманның талабына сай келетін, шаруаларға қолайлы жылжымалы насостар алған дұрыс деп санаймын.

Құрметті әріптестер, құрметті Нұрлан Шәймерденұлы!

Менің көтеріп отырған мәселем бір Арал ауданына ғана қатысты емес, көршілес аудандардың да басында осындай мәселе бар. Қазақта «Жұт жеті ағайынды» деген тәмсіл бар. Ертеңгі күн сан соғып өкінбес үшін, бүгіннен бастап арнайы кешенді жоспарды қолға алуымыз керек.

БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕЙДІ

«Сыр журналистикасының тарихы» бестомдығының тұсауы кесілді

Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев пен ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Амантай Шәріп Сыр елі журналистикасының бестомдығын шығару ісі үлкен ізденіс пен еңбекті қажет ететінін, келешек жас буынға қымбат қазына боларын мақтанышпен жеткізді. Сондай-ақ, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай қоғамның бел ортасынан табылып, газет, радио мен телевидение арқылы ақпараттық саясатты қалыптастыруда орны бар БАҚ рөлін атап өтті.

Басқосуда «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев «Сыр журналистикасының тарихы» атты кітаптың жарық көруіне қолдау білдірген облыс басшылығына алғысын айтып, аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықоваға бестомдық кітапты табыстады.

Қаламда қуат, сөзде шуақ бар

Облыс әкімінің қабылдауынан соң Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» «Сыр журналистикасының тарихы» бестомдығының тұсаукесері өтті. Оған Нұр-Сұлтан, Алматы және Түркістан облысынан келген қонақтар, облыстағы БАҚ басшылары, қызылордалық қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Сыр журналистикасының тарихы» еңбегінің ерекшелігі – Сыр өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының өткені мен бүгінін қызылордалық журналистердің өздері саралап, зерттеп жазып шықты. Шығармашылық топ бұған екі жыл уақыт арнады.

Кітап жазу барысында Сыр журналистикасының іргесін қалаған аға буын қаламгерлерден бастап бүгінге дейін баспасөз саласында тер төгіп жүрген әріптестердің, ғалымдардың еңбегі пайдаланылды. Мұнымен қоса Мәскеу, Алматы қалаларындағы, Қызылорда облысындағы архивтерден, кітапханалардан құнды мәліметтер, тың деректер алынды.

Бұл жоба көмескі тартқан тарихты қайта түгендеп, қалам ұстаған кешегі әрі бүгінгі буынның азды-көпті еңбегін дәріптеу, талдап-таразылап, ғылыми айналымға қосу, жас журналистерге кәсіби бағдар беру секілді мақсаттарды көздеді. Сондықтан, бұл еңбек журналистердің, ғалымдардың назарын аударып, жалпы оқырманның қызығушылығын оятарына сенім мол.

«Сыр журналистикасының тарихы» арқылы бұрын-соңды ашылмай келген ақтаңдақтар жарыққа шықты. Мәселен, бір кезде газет басшылығында болғандарды жауапты шығарушы деп атаған. Бертін келе ол редактор, одан кейін бас редактор делінді. Сосын «Сыр бойының» алғашқы жауапты шығарушысына қатысты да жаңа деректер табылды. Осы кезге дейін алғашқы нөмірге қол қойған Жиенғали Тілепбергенов атты қаламгер деп келдік. Бірақ архивтегі сарғайған құжаттар басқа деректер ұсынды. Осылайша бір ғасырға жуық уақыт бұрынғы тарихи дәлдікті қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Бұрын-соңды мұндай ауқымды зерттеу жүргізілмегендіктен, аудандық архивтердің кейбірінде, аудандық редакцияларда болған өрттің салдарынан тігінділер түгелімен жанып кеткендіктен, аға буынның қатары сиреп қалғандықтан мәліметтер жинау оңайға түскен жоқ. Әрине, көптомдықтың шынайы бағасын оқырман береді. Дегенмен, тұсаукесерде ғалымдар мен қаламгерлер Сыр журналистикасының сабақты жібіне дейін түгендеу бастамасының өз мақсатына жеткенін атап өтті.

Басқосуда облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен үндескен ұлы бастаманың тағылымдық мәні зор екенін жеткізді.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай: «Жалпақ жұртынды, исі Алашынды қадірлеу алдымен өзің туған өлкенің тарихы мен табиғатын танудан, тұлғаларын ардақтаудан басталады». Расында, қай салада болмасын жаңаша даму жолына түсу үшін, сол саланың өткен жолы мен тарихын түгендеу, тұлғалардың еңбегінен тағылым алу маңызды. Бүгінгі тұсауы кесілгелі тұрған бестомдық еңбектің негізгі миссиясы да осы, яғни, телегей-теңіз ақпарат ғасырында, дәстүрлі медианың жаңа медиамен күш біріктіріп дамудың жаңа сатысына көтерілген кезеңінде, Сыр елінің барлық бұқаралық ақпарат құралдарының тарихын түгендеп, қоғамға, халыққа және жалпы өз-өзімізге есеп беру деп біледі. Бұл кітапты журналистиканың энциклопедиясы деп айтуға болады. Сондықтан, оның Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында оқырманға жол тартуы біз үшін үлкен мәртебе, зор қуаныш! – деді Серік Ахмет.

Облыс әкімінің орынбасары бұл тұста да Сыр өңірі өзінің пассионарлық идеясын танытып отырғанын атап өтті. Сонау сақ, ғұн дәуірінен бастасақ, осы жер – төрт астананың орны. Адамзат баласы ғарыш кеңістігін бағындырған өңір.

– Бүгінде облыстың медиа кеңістігінде 100-ден аса бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасауда. Оның ішінде, 8 электронды, 3 ақпараттық агенттік, 3 интернет сайт, 87 баспа бұқаралық ақпарат құралы бар. Бұл салада 2,5 мыңға жуық қалам иелері аймақ халқын жедел және сапалы ақпараттармен қамту жолында тынымсыз еңбек етуде. Нақты және жедел ақпарат таратуды мақсат етіп, заман талабына сай дамудың жолын ұстанған бұл сала – іргелі индустрияға айналды.

Бестомдық «Сыр журналистикасының тарихы» кітабында аймақтың ақпарат айдынында талай жылдар жаңалық пен жақсылықтың жаршысы болған басылымдардың тарихы баяндалады. Кітаптың I томында «Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт жастары» газеттерінің және шығармашылық қауым өкілдерін бір шаңырақ астында біріктіріп отырған «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тарихы топтастырылған. II томына «Ақмешіт апталығы» және аудандық 7 басылым енген. III томында аймақтағы электронды БАҚ, баспахана тарихы және республикалық БАҚ-тың меншікті тілшілері туралы анықтамалық жүйеленген. IV томда облыс көлеміндегі тәуелсіз басылымдар тарихы, V томда ақпарат саласында Сыр бойынан шыққан айтулы тұлғалар мен журналистердің тәжірибесі, шеберлік дәрістері топтастырылды.

Сыр өңірі – қаймағы бұзылмаған тіл мен рухтың, қазақылықтың қайнаған ортасы. «Алаштың анасы» болған құт мекен ұлтжанды, мемлекетшіл, халықшыл журналистердің алтын ұстаханасы. Осы өңірдің ғасырлар бойы қалыптасқан шығармашылық мектебінен түлеген мыңдаған журналистің әрісі шетелдерде, берісі Нұр-Сұлтан, Алматыда, өз өлкемізде абыройлы қызмет етіп жүр. Болашағын ойлаған адам алдымен өткенін, тарихын түгендейді. Талқылап, сараптама жасайды. Ең бастысы – тұлғалар еңбегінің ұмытылмауы. Сондықтан редакциялық алқа үлкен жұмыс бітірді деп айта аламын. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тамаша тарту, мәртебесі биік жаңалық болды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев жарыққа шыққан жаңа бестомдық басқа өңірлерге де үлгі болатынын, егер әр аймақта осындай еңбек атқарылса, қазақ журналистикасының тарихы қаттала беретінін айтты.

Сыр перзенті, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп тарихты түгендеуде баспасөздің орны ерекше екенін атап өтті.

– Баспасөз елдің әр кезеңдегі өмірін, тыныс-тіршілігін, мысалы, сонау тарихтың ақтаңдақ жылдарынан бастап бүгінгі Тәуелсіздік тұсындағы іргелі істерді тайға таңба басқандай таспаға түсіріп келеді. Архивтердегі сарғайған газет беттерін парақтасақ, еліміздің бір ғасырлық өмір жолының көрінісін табуға болады. Сол басылымдардың барлығы өз заманының жаршысы болды.

Сөзде қуат болады, жалын болады. «Ауыздан шыққан алты ауыз сөзге аспанда бұлт айналады» деген халқымыз. Сөздің заттанатынын білген халқымыз кез келген нәрсені жақсылыққа жорыған. Жаман түс көрсе де, жайсыз хабар естісе де, арты жақсы болсын дейтін қалыбымыз, мінезіміз бар.

Біз тобашыл, тәубешіл ұлт едік, қазір әлеуметтік желілерге қарасаңыз, табашыл болып бара жатырмыз. Біреудің басына іс түссе, табалай жөнелетін болдық. Бұл – біздің табиғатымызға, мінезімізге жат. Жалпы Сыр жұртшылығы – сөз қадірін білетін, қасиетін қапысыз танитын өңір десем, артық айтқаным емес. Халқының түгелге жуығы мемлекеттік тілде сөйлейді.

Біз кезінде баспасөз тарихын, теориясын, шетел баспасөзі, коммунистік баспасөз тарихын оқыдық. Ал, бүгінгі бестомдық – «Сыр журналистикасының тарихы» тек баспасөздің емес, еліміздің өткені мен бүгінін тануға негіз болатын дүние. «Жас Алаш» газетінің бастауында тұрған, небәрі 23 жыл ғұмыр кешкен Ғани Мұратбаевтан бастап бүгінгі қаламгерлерге дейін еніпті. Бұл ретте бестомдық деректерді жинақтауда еңбек еткен барша азаматтарға, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаевқа, қолдау таныткан облыс әкімдігіне ризашылығымыз зор, – деді Нұртөре Жүсіп.

Белгілі ғалым Амантай Шәріп те кітапқа жоғары бағасын берді.

– «Сыр журналистикасының тарихы» – ғылыми еңбек, яғни естеліктер жинағы емес, ғылыми тағылымды еңбектер топтастырылған. Жарияланымдарға мазмұндық сараптама жасалғаны да көрініп тұр.

Қазақ журналистикасының тарихы әлі де жүйеленіп, бір арнаға түскен жоқ. Осыдан бірнеше жыл бұрын шыққан Қ.Бекхожиннің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» атты еңбекті ғана толыққанды зерттеу деп білеміз. Содан кейін бас-аяғы бүтін дүние осы кезге дейін жарық көрген жоқ. Осы тұрғыдан алғанда бір ғылыми-зерттеу институты атқаратын жұмыс еңсеріліпті, – деді.

Сондай-ақ ғалым құндылықтар өзгерген кезеңде тарихи тұлғаларға деген көзқарасты өзгертудің маңызы туралы айтты. Мәселен, бұрын Ғани Мұратбаевты комсомол жетекшісі, Шығыс жастарының көсемі деп танысақ, тарихи деректер қосымша мәліметтерді алға тартып отыр. Нәзір Төреқұлов өзі атын қойып шығарған естелік кітапта Бейсенбай Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Нұртас Оңдасынов сияқты Ғаниды ұстаз тұтқандардың жазғаны бар. Көшедегі аш-жалаңаш балаларды әкеліп, сауаттандырып, жолға салғанын айтқан. Солардың арасынан қазақтың қайраткерлері өсіп шыққан. Ал Ғани өзінің алдындағы Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған ұлт қайраткерлерінің тәрбиесін көрген. Амантай Шәріп қазақтың астанасы Орынбордан Ақмешітке қоныс аударып, ұлттың қазақ аты қайтарылып, қаланың аты Қызылорда болып өзгерген тұстағы ұлттық өрлеу туралы Сұлтанбек Қожанов жазып қалдырған деректерді келтірді.

– Қызылорда астана болған соң бұл жерге табаны тимеген ұлт зиялысы кемде-кем. Олар осы жердегі басылымдарда жұмыс істеген. Сондықтан Сыр өңірінің журналистикасында қазақ зиялыларының барлығының қолтаңбасы, рухы бар. Сол рух сіздерді қолдап жүргей! – деді ол.

Тұсаукесерде «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл Жексенбай кітаптың қазіргідей ақпарат ағыны қарқынды, журналистиканың жаңа кезеңінде таптырмайтын құрал болатынын айтты.

– Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жасалып жатқан мерейтойлық шаралар көп. Солардың арасында Елбасы «Алаштың анасы» деп баға берген аймақта тұсауы кесілгелі тұрған «Сыр журналистикасының тарихы» атты бестомдық жинақтың орны ерекше. Қызылордалық әріптестеріміздің Мәскеу, Орынбор, Омбы, Алматы, Қызылорда архивтерінен Сыр елінің журналистеріне, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты бірнеше жыл тірнектеп жинаған деректері тұңғыш рет жүйеленіп, сарапталып, фото-бейнелер өңделіп үлкен еңбекке айналдырылды.

Бестомдық кітапты шығару барысында архив құжаттары, көптеген ғылыми еңбектер парақталған, ғалымдар пікірі ескерілген. Жалпы, құнды туындыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ», тағы басқа да газет-журналдарында қызмет жасаған ұлтымыздың біртуар перзенттері Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхамеджан Сералиннен бастап, Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылындағы қаламы қарымды қаламгерлердің жүріп өткен өнеге болар өмір жолы көрініс тапқан. Бұл қазіргідей ақпарат ағыны қарқынды, журналистиканың жаңа кезеңінде таптырмайтын құрал болмақ. Рейтинг қуып, арзан бедел жинап, жеңіл-желсөзге әуестеніп бара жатқан жас әріптестеріміз үшін де бұл еңбек, журналистиканың бас парызы – ағартушылық пен ізгілік екенін еске салады. Сондықтан бұл жинақ бір аймақтың ғана емес, бүкіл алты Алаш ақпарат саласы қызметкерлері, бүгінгі және болашақ журналистер қауымы үшін жастанып оқитын кітаптары болуы керек-ақ. Бір қуантарлық жайт, шығармашылық топ жетекшісі Аманжол Оңғарбаевтың айтуынша, еңбектің электронды нұсқасы да кеңінен таратылуы жоспарланған. Осы тұста әріптестеріміздің бастамасына, идеяның іске асуына қолдау көрсеткен облыс басшысы Гүлшара Әбдіқалықованың БАҚ-тың қоғамдағы орны мен рөлін бағалағаны қуантады және өзге өңір басшылары да бұл игі бастамаға үн қосады деп үміттенеміз, – деді ол.

«Сыр медиа» ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев бұл кітап Сыр журналистикасын қалыптастыруға өлшеусіз еңбек еткен аға буынның алдындағы парыздың бір өтеуіндей екенін айтты.

– Еңбекте тек «Сыр медиа» серіктестігіне қарайтын басылымдар тілшілері ғана емес, бүкіл аймақ журналистерінің, аға буын ардагерлеріміздің үлесі бар. Осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еңбек жазу үшін Өзбекстанның Навои қаласының кітапханасында жұмыс істедік. Қоры өте бай екен. Қазақтың әр руына қатысты барлық деректер қатталған. Сонда «осындай дүние бізде неге жоқ?» деп ойлаған едім. Бұл талай жылдан бері ойда жүрген шаруа еді, оның бағасы әлі де беріледі деп ойлаймын. Қолымыздан келгенше барлығын қамтуға тырыстық. Бірақ «білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» деген бар емес пе? Кітап біткеннен кейін де қанша қазынаға жолықтық. Жоғарыда әріптестерімнің бірі айтқандай, мүмкін бұл тарихтың әлі ашылмаған көмбелері тағы да талай томдарға жүк болатын шығар.

Тарихқа зер салсақ, сонау XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында республиканың түкпір-түкпірінде жарық көрген мерзімді басылымдар Сыр бойына да тарай бастады. Олардың қатарында «Дала уалаяты», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы, «Абай» журналы болды. Мұнымен қоса, Орда қаласынан шығып тұрған «Қазақстан» газеті, Семей қаласында жарық көрген Алаш партиясының органы – «Сарыарқа» газеті, Мұстафа Шоқай негізін қалаған әрі шығарған «Бірлік туы» газеттері де ішінара Сыр бойына тарап тұрды. Жай тарап қана қойған жоқ, бүгінгі тілмен айтқанда, алғашқы газетке қаржылай қолдау білдірген меценаттардың ішінде сырбойылықтардың болуы да бүгінде туған жерге туын тіккен ұрпақ үшін үлкен мақтаныш сезімін тудырады. Мәселен, 1913 жылы «Қазақ» газетінің басылып шығуына қаржылай қолдау білдірген сырбойылық Ахмет ишан Оразайұлын көпшілік біле бермейді. Әдетте мерзімді басылымдар қоғамдық пікір қалыптастырады десек, аталған газеттер мемлекеттік идеологияға әсер етті. Осы тұрғыдан келгенде бұл бестомдықты Алашқа ана болған Сыр бойының шежіресі деп қарауға болады, – деді Аманжол Сақыпұлы.

Айта кетейік, Сыр бойында жарық көрген бұқаралық ақпарат құралдарының тарихын зерттеп-зерделеген жинақтың I томы облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың алғысөзінен бастау алған. Сонымен бірге, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, филология ғылымдарының кандидаты Аманжол Сақыпұлының, филология ғылымдарының докторы Құлбек Ергөбектің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайманның жалпы қазақ баспасөзіне жасаған талдау ойлары, Сыр журналистикасына айтылған пікір-пайымдары берілген.

Жиын соңында шараға келген меймандар бестомдықтың лентасын кесу рәсімін жасады. Бұдан кейін өмірден өткен қаламгерлердің рухына арнап ас беріліп, құран бағышталды. Осы жерде облыстық «Сыр бойы», «Ақмешіт жастары» және қалалық «Ақмешіт апталығы» басылымдары жариялаған мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов, қаламгерлер Айжарық Сәдібекұлы, Әскербек Рахымбекұлы, Әділхан Бәймен атындағы шығармашылық байқаулар қорытындысы шығарылып, жүлдегерлері марапатталды.

«Өзге өңірлерге үлгі болар еңбек»

Түстен кейінгі шарада «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев келген қонақтарды заманауи жабдықталған баспахана жұмысымен таныстырды. Мұнда медиаға қарасты үш облыстық, жеті аудан, бір қалалық және бірнеше тәуелсіз газет басылып шығуда. Сағатына 35 мың данаға дейін газет басуға қауқарлы баспаханадан бірқатар өзге де облыстардың басылымы шығуда. Ал биылдан бастап баспахана жанынан жаңа технологиямен кітап басу ісі қолға алынды.

Айта кетейік, «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылымдар ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай шығармашылық өкілдері арасында байқау жариялаған болатын. Байқаудың қорытындысы серіктестік ғимаратында өткен басқосуда жария етіліп, жүлдегерлер марапатталды.

Аталған марапаттау рәсіміне Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану кафедрасының профессоры, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп, «Егемен Қазақстан» газетінің Түркістан облысындағы меншікті тілшісі Ғалымжан Елшібай, «Turkistan media Holding» атқарушы директоры Тельман Бейсен, «Бас редакторлар клубы» ҚБ атқарушы директоры Әсем Есілбаева және аудандық газет редакторлары қатысты.

Марапаттау рәсіміне келген қонақтар «Достық үйінде» тұсаукесері өткен «Сыр журналистикасының тарихы» бестомдығы жайлы өз ойларын айтып, қызылордалық әріптестердің жұмысын тағы да бағалап өтті.

– Бұл еңбектің ерекшелігі сол, Сыр өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының өткені мен бүгінін осындағы журналистер өздері зерттеп жазып шыққан. Екі жыл бойы Сыр журналистикасының тарихына қатысты қалам тербеген әріптестердің еңбегі зор. Сонау Мәскеу, Алматы, өңір архивтерін, кітапханаларды ақтарып, тың деректерді пайдаланған. Бұл бестомдық кітап біздің қазақ журналистикасы үшін үлкен қазына. Өйткені, Сыр бойындағы бұқаралық ақпарат құралдарының бай тарихы алғаш рет жүйеленіп, жазылып отыр. Аукымды жоба арқылы өткенді түгендеп, бүгінгі қалам ұстаған буынға қажетті бағыт айтуда бұл кітаптың берері көп. Барлығымыздың назарымызды аударған осы еңбек арқылы сіздер өзге өңірдегі әріптестерге де үлгі болып отырсыздар, – деді Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев.

Жиында Сейітқазы Бейсенғазыұлы бірнеше қызметкерді одақтың «Құрмет грамотасымен» марапаттады. Дәл осындай ізгі тілегін айтқан Бибігүл Жексенбай да бірқатар журналиске «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің «Алғыс хатын» табыс етті.

Шара барысында облыстық «Сыр бойы» газеті жариялаған «Ордалы отыз жыл» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Мұнда «Үздік мақала» аталымы бойынша облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Ержан Қожасов, «Үздік сараптама» бойынша Арал ауданынан Жақсыбай Мұсаев пен алматылық Ермек Жұмахметұлы жүлдегер атанды. Сондай-ақ «Сайттағы үздік өлең» номинациясын «Сыр бойы» газетінің тілшісі Биболат Сәтжан, «Үздік сайт мақаласы» жүлдесін «Болашақ» университеті жоғары колледжінің оқытушысы Қанат Қыпшақбаев иеленді. Жеңімпаздардың жүлдесін ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп тапсырды.

Айта кету керек, бас басылым ұйымдастырған байқауға «Жаңажол» ЖШС төрағасы Орынбасар Төлепов, «Шаған Жер» ЖШС басшысы Жеңісбек Сыздықов демеуші болды. Сондай-ақ газетте ұзақ жыл еңбек еткен қос қаламгер – Айжарық Сәдібекұлы мен Әскербек Рахымбекұлының ұрпақтары да қолдау көрсетті.

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Жастар жырлайды» атты жазба ақындар айтысын ұйымдастырған еді. Қорытындысы бойынша ақтық мәреге төрт ақын – Бексұлтан Орынбасаров, Динар Рахман, Шыңғыс Құдайберген және Айбану Қалиева шықты. Қатысушыларды дауысқа салу және олардың ұпай санын есептеу арқылы үздіктерді анықтаған қазылар I орынға Бексұлтан Орынбасаровты лайық деп тапса, II орын Шыңғыс Құдайбергенге берілді. Ал үшінші бәйгені Айбану Қалиева мен Динар Рахман бөлісті. Ақындардың марапатын «Бас редакторлар клубы» ҚБ атқарушы директоры Әсем Есілбаева тапсырды. Айтысқа облыстық мәслихат депутаты, «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев қолдау көрсетті.

Салтанатты шара соңында қонақтар естелік суретке түсіп, журналистермен өзара пікір алмасу болды.

Сонымен өткен апта соңында Қызылорда қаласында жаңа кітаптың тұсауы кесіліп, рухани шара шарықтау шегіне жетті. «Сыр журналистикасының тарихы» атты бестомдық ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында осылайша оқырманға жол тартты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
Ғазиза ӘБІЛДА,
Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

1-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің толағай тартулары

Тәуелсіздік – бұл еліміздің ең қадірлі де қасиетті баға жетпес құндылығы. Ал, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміз өз тәуелсіздігін алып, әлемге аты танылуына сіңірген еңбегі орасан зор.

Сарғайған тарих парақтарына үңілер болсақ, ел тәуелсіздігі – ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арман-тілектерінің орындалған ұлы күні, Ұлық мерекесі. Өйткені, кезіндегі Кенесары мен Абылай ханның, Қасым хан мен Есім ханның, Керей мен Жәнібек, тағы да басқа хандар мен би-батырлардың елім деп соққан жүректерінің әмірімен Ұлы даламызда болған толқулар мен көтерілістердің ұстанымы – Тәуелсіз ел болу еді. Тағдыры тайғақ кешіп, ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама болған қазағым алмағайып замандарды бастан кешіп, тауқымет шексе де, ұлан-ғайыр Ұлы даланы ұрпақтарына мұра еткен. Олар ежелден жерін жауға бастырмағанын, ешкімге ұлын – құл, қызын – күң етуге жол бермегенін, жауына қатал, досына адал болғанын, шыбын жанын шүберекке түйіп, елдің ертеңгі тағдырын найзаның ұшы мен қылыштың жүзіне байлап ғұмыр кешкенін біз жақсы білеміз.

Осы бір елдігі мен еркіндігі арқасында олар бізге Алтайдан Атырауға дейін, Арқадан Сыр бойына дейін еркін көсіліп жатқан ұлан-байтақ қасиетті жерді аманат етіп кетті. Бұл туралы Елбасының «Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпардың тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық» деген еді.

Қазақ елінің бүкіл әлемге мәлім болып, тәуелсіз ел ретінде танылуы 1991 жылдың 1-желтоқсанынан бастау алған болатын. Дәл осы күні еліміз демократиялық негізде Тұңғыш Президент сайлауын өткізіп, Қазақстан халқының 98,78% өз қалауы бойынша Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Президент етіп сайлады. Сайлаудан кейін бар-жоғы 4-5 күнде Президент сол кездегі Жоғарғы кеңеске «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң ұсынды. Сол 1991 жылдың 16 желтоқсан күні заңға қол қойылды. Тәуелсіздік туын көтерген еліміздің декларациясы, Конституциясы, Туы, Елтаңбасы мен Әнұранының қабылдануы – баршамыздың жүрегімізде мәңгілік жазылып қалған бақыт.

Президент сол кездері қолда бар моральдық және экономикалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дағдарыс кезеңінен неғұрлым аз шығындармен өтуле, орнықтылықтан ауытқымауға, ұлттық есеюдің мәселелерін өркениетті шешуге аса мән берді. Нәтижесінде еліміз еңсесін тіктей бастады. Ең бастыларын саралап айтар болсам, ядролық қару жойылып, Семей ядролық полигоны жабылды. Ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді. 1992 жылдың 30 маусымында «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заң қабылданды. Ал, 1993 жылдың 26 наурызында Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылып, Аралды сақтап қалу мақсатында «ғасыр жобасы» өмірге келді. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (САРАТС) жобасы» жасалды. Бүгінде Арал теңізінен жылына 8 мың тоннаға жуық 24 балық түрі ауланып, таяу және алыс шетелдерге жіберілуі бізді, яғни сырбойылықтарды қуаныш сезіміне кенелтеді.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Сыр өңірінде соны серпіліс болғанын айтпасқа болмас. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау аймақты айналып өткен жоқ.

Қалың қазақтың қаймағы бұзылмаған Сыр елі өтпелі кезеңнен салқынқанды сабырмен, табанды күш-жігермен жүріп, бүгінгідей жетістікке жетті. 30 жылда қаламыз көріктеніп, ауылдарымыз ажарлана түсті. Егін шаруашылығы еңсесін тіктеп, атакәсібіміз – мал шаруашылығы да жаңа белеске көтерілді. Шағын және орта кәсіпкерлікті аймақ басшыларының қолдауы арқасында жұмыссыздық азайып, ел-халықтың тұрмыс-тіршіліктері жақсара түсті. Тәуелсіздік жылдары «Сексеуіл-Жезқазған» теміржолы мен «Батыс-Еуропа – Батыс-Қытай» автомагистралі салынды. 2014 жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу жобасы іске асырылып, тұрғындар «көгілдір отын» игілігіне кенеліп отыр.

Бүгінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова сынаққа айналған пандемия кезінде жұмыс бағытын өзгертуді, дұрыс үйлестіруді орынды бастамалармен ұштастырып отыр. Білуімізше, индустрияландыру бағдарламасы аясында 26 жоба іске асырылып, 6 мыңнан астам жұмыс орны ашылмақ. Бұлардың ішінде шыны зауыты, тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу зауыты, кальциленген сода, пластик шыны зауыты, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру, ет комбинаты, құс фабрикасы, тағы басқа ондаған экспортқа бағдарланған жобалар бар екен. Сондай-ақ, «Аралтұз» акционерлік қоғамында ас тұзын өндіру көлемін арттыру, «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнында кен байыту комбинатын салу жобалары іске асырылып жатыр.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы өзінің «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегінде: «Бізде ардагерлердің республикалық кеңесі бар. Ол – жанды, жігерлі ұйымдардың бірі. Мемлекетіміздің мерейлі де маңызды мәселелерінің бәріне үн қосып, белсенділік танытып келеді» деп бағаланған болатын. Міне, дәл осындай ұлт ұстанымын алға ұстаған Елбасының ұсынысымен 1987 жылы ардагерлер ұйымы құрылып, оның құрамына елге еңбегі сіңген ардагерлер топтастырылды.

Бүгінде 728 бастауыш ұйымға топтасқан 74 мыңнан астам ардагердің басын қосып отырған облыстық ардагерлер кеңесі шын мәніндегі ұйымға айналды. Ұйымның іргетасының қалануына есімі облысқа танымал азамат, қарымды қаламгер Марат Филипович Когут күш салса, оның керегесінің кеңеюіне мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаев ағамыз орасан еңбек сіңірді. Одан әрі бұл ірі істі ауыл шаруашылығының майталманы, танымал азамат Камал Бердәулетов ағамыз жандандырса, қоғамдық ұйымның ұлғаюына, республикаға тәжірибе болатын, абыздық сөз айтуына Тәуелсіздіктің алғашқы жылы облыс әкімі болған мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов ағамыздың қосқан үлесі мен қалдырған қолтаңбасы орасан зор. Осы аттары елге мәшһүр аға буынның абзал істерін жалғастыру парызының бізге жүктелуі басымызға қонған бақ болар.

Биыл құрылғанына 34 жыл толып отырған ардагерлер кеңесі Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап еліміздің еңсесін тіктеуіне, яғни, еліміздің басындағы қиындығын көтерісіп, қызығына кеңеліп бір сапта келе жатыр. Тәуелсіздік жылдары ардагерлер өздерін өрде ту, төрде би бейнесінде көрсетіп, асқанды басты, жасығанға жігер берді, береке-бірліктің бекемдеуінің бірегей локомотивіне айналды.

23 қараша күні Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз. Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық. Әлем картасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік. Ендігі кезеңде осы жетістігімізді еселеп арттыру ел ынтымағы мен тұтастығына байланысты» дей келе қазақстандықтарға бағдар болар «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. Осы қағидаттарда Тәуелсіздік кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық екенін баса айтып, ел-халқын бірлік пен келісімге, экономиканы әртараптандыруға, ата-баба мұрасы – жерді қорғауға, ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы – отбасын сақтауға, халықтың рухани тірегі – ұлттық мәдениетті өркендетуге, бақуатты өмірдің кілті – білім мен еңбекті жастар санасына сіңіруге, бәсекеге қабілетті болудың бірден-бір кепілі – прагматизм принциптері бойынша барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты ұтымды пайдалануға шақырды.

Елбасының осынау жеті қағидатынан жаза баспай, мерейлі күнге жеткізген Аллаға шүкіршілік етіп, ертеңгі күнге сеніммен қадам басуымыз аса қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Тәуелсіздігіміздің бәріміз үшін ең қымбат дүние екеніне баса мән беріп, оны даңғаза ұрандармен емес, ақылмен, парасатпен, біліммен, еңбекпен қорғау қажеттігін, еліміздің біртұтастығы реформаларымыздың табысты жүзеге асуының басты кепілі екенін айтты. Демек, еліміздің бұдан да биік асуларға шығуы үшін рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай еңбек етуге тиіспіз.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
Қызылорда қаласы,
Шиелі ауданының құрметті азаматы

Ел тұғырының биік болуы жолында бүгінге дейін еселі еңбек атқарылғаны белгілі. Жүйелі жетістіктер, бағыты айқын бастамалар, жарқын жобалар әлем елдерімен иық тірестіре алардай деңгейге жетуге себеп болғаны сөзсіз.

Көптің тілегіне көңіл бөлінеді

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы да, сындарлы саясатының негіз болуымен Тәуелсіз елімізде бүгінгідей биік белестерді бағындырдық. Елбасы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында ұсынған «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығы мен «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласында өткен белестерді саралап, жас ұрпаққа құндылықтар қадірін білуге үндеу жасады.

Жалпы отыз жылдық белесте елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына, қала мен ауыл тіршілігінің түзу болуына жетекші партияның ықпалы зор болды. Осы орайда,«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа – лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы жүзеге асып, бағалы бастамаларға ден қойылуда.

Партия тарапынан жүзеге асырылатын бағдарламада елдің әлеуметтік ілгерілеуіне және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты әрі тиімді шаралар қамтылған. Әр бағытқа, әр салаға негізделген салмағы басым жобалар мен жұмыстар жоспарланып, әр елді мекеннің тіршілігіне сәйкес тірліктер орындалуда. Осындай жұмыстарды Сыр өңірінің орталығынан аңғаруға болады.

Сайлауалды бағдарламадағы негізгі бағыттардың бірі – қырылыс саласы. Қалада жыл соңына дейін 730 пәтерлік 15 арендалық тұрғын үйді, баспанасы апатты жағдайдағы азаматтарға 50 пәтерлік 1 тұрғын үйді табыстау жоспарлануда. Сырдария өзенінің сол жағалауында №5 тұрғын кварталының кеңейтегжейлі жоспары әзірленуде. Аталған кварталда 13 тұрғын үй құрылысының сәулет келбеті бекітіліп, жоба-сметалық құжаттамалары дайындалуда. Сонымен бірге, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында СПМК-70/4 шағын ауданында қайтарымды қаражат есебінен 640 пәтерлік 13 тұрғын үй және СПМК-70/2 шағын ауданында қайтарымды қаражат есебінен 500 пәтерлік 10 тұрғын үй салынып жатыр.

Республикалық бюджеттен бөлінген 5,2 млрд теңгеге 151 және қайтарымды қаражат есебінен 811,4 млн теңгеге 21 тұрғын үйге жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Қалаға қарасты ауылдарды «көгілдір отынмен» қамту мәселесі де кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Мәселен, Ж.Махамбетов және «Наурызы» елді мекендерін газдандыру жобасы қолға алынып, құрылыс басталды. Сәтін салса, 3 жыл ішінде елді мекен толық газдандырылады. Облыс орталығындағы 23 көшені жарықтандыру жұмыстарына 229 551 мың теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жасалды.

Қала тұрғындарын көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 гектар егістік жер бөлініп, ынта білдірген 87 тұрғын бақша дақылдарын егіп, өнімдерін жинап алды. Сондай-ақ, жас ұрпаққа сапалы білім беру, қала оқушыларының білім көкжиегін кеңейтуде белгіленген стандарттарға сәйкес жұмыстар жасалуы тиіс. Осы оқу жылында «Саяхат» шағын ауданында 348 орындық «Ұлағат білім ордасы» ашылса, 500 орындық «Зерде» және 320 орындық «Мансап» мектептері бой көтерді. Мұндай арнаулы мектептерге бүгінде сұраныс жоғары. Сондықтан білім беру мекемелерінің санын арттыруға бағытталған жұмыстарға көбірек мән беріліп отыр.

Бұқаралық спорттың дамуына бағытталған жобалар мен жоспарлардың да легі аз емес. Осыған дейін ойын алаңдарының жетіспеушілігі мәселе болып келген-ді. Көптің сұранысы ескеріліп биылдың өзінде қала бойынша 25 спорттық ойын алаңы пайдалануға берілді. Алдағы жылы тағы да 5 ойын алаңының құрылысы жүргізіледі.

Мәдениет саласында да ілкімді істер қатары аз емес. Ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді дәріптейтін жобалар көші жалғасуда. Жыл басынан бері түрлі бағытта 1161 мәдени іс-шара ұйымдастырылды, 90 үйірме жұмыс жасап, оған 1047 өнерпаз бала қатысуда.

Пртия бағдарламасына сәйкес кәсіпкерлік саласына негізделген біршама жұмыстар да жоспар бойынша орындалуда. Мәселен, 26 839 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Облыста жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 45,2%-і Қызылорда қаласының үлесінде. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жалпы құны 20,1 млрд теңгені құрайтын 1739 жоба қолдау алды.

Ел игілігі үшін атқарылған осы жүйелі жұмыстар мен келешектің еншісіне тиесілі жарқын жоспарлар жүзеге аса береді. Көптің тілегіне басымдық беріп, алдымен халықтың тұрмысын жақсартуды мақсат еткен «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы мән-мазмұнымен құнды. Бұл тұрғыда, әр бағытқа негізделген тың бастамалар Қызылорда қаласында да нәтижелі болары анық.

Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ,
«Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының төрағасы,
Қызылорда қаласының әкімі

Сыр медицинасындағы серпіліс кезеңі

Егемен еліміздің тарихындағы тағы бір айтулы белеске – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына жеттік. Үш онжылдық үлкен істер мен байыпты бастамалар іске асқан, қай саланың болмасын әлемдік стандарттарына жету үшін қадам жасалған кезең болды. Төртінші онжылдықтың шақыруларына үн қосу үшін медицина саласы да небір сындарлы шақтарды бастан өткеріп, шыңдалып шықты.

Саланың ең айтулы жетістіктерінің өзін түгелдей санамалап шығу мүмкін емес. Ең алдымен Ата заңда айқындалған ең қымбат қазынамыз – адам мен оның денсаулығын нығайту арқылы күтілетін өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткіші 64,4 жастан 72,9 жасқа өскеніне, кардиохирургиялық орталық ашылып, өңірде бірінші рет жүрекке ашық ота жасала бастағанына екпін түсіріп айтқым келеді. 2000 жылдан бері қарай сараптасақ, жалпы туу көрсеткіші 6,7%-ке артты, ана өлімі көрсеткіші 42,4%-ке, сәби өлімі көрсеткіші 2,4 есеге төмендеді.

Денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын дамытуда соңғы 30 жыл ішінде құны 50 млрд теңгені құрайтын 161 нысан іске қосылды. Атап айтқанда, көпбейінді облыстық аурухана, Байқоңыр қаласындағы көпбейінді аурухана, облыстық көпбейінді балалар аурханасы, облыстық перинаталдық орталық, Арал, Қазалы, Жаңақорған, Шиелі ауданаралық ауруханалары, Жалағаш аудандық аурухана, Арал, Қармақшы, Сырдария, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандық емханалары, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Қызылорда қаласындағы №2 қалалық емхананың орнына 400 келушіге арналған емхана іске қосылды. Сонымен қатар, 2 ауылдық емхана, 55 дәрігерлік амбулатория, 15 фельдшерлік-акушерлік бекет, 57 медициналық бекет, тағы басқалар.

Облыстық медициналық орталық, қалалық аурухана, Қазалы теміржол ауруханасы базаларында 3 инсульттік орталық ашылды. Облыс дәрігерлері еліміз бойынша алғашқылардың бірі болып бүйрек ауыстыру отасын сәтті жасады. Балалар хирургиясы қарқынды дамып, көлемді оталар облыс деңгейінде жасала бастады, облыстық балалар ауруханасында өңеш атрезиясымен туған нәрестеге жасалған ота сәтті шықты. Облыстық ана мен бала орталығында күбез трансформерде ота жасау әдісі енгізілді.

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында өңір медицинасының ахуалын сараптасақ, аудандық, ауылдық емдеу ұйымдары, балалар және әйелдер емханалары қысқартуға ұшырады. Жалақысы төмен болған соң медицина қызметкерлері басқа салаларға ауысып кетіп жатты. 1992 жылы облыстық диагностикалық кеңес беру орталығының іске қосылуы мен Қазалы аудандық емханасының жаңа ғимаратқа көшірілуі Сыр медицинасын бір серпілтіп тастады. Бұл Тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы жеңіс болды.

Сол жылдары салаға бөлінген қаржы 850 млн теңге болды. Елбасы Кеңес дәуірінде басталып, аяқсыз қалған 750 орындық облыстық медицина орталығының құрылысын аяқтауға тікелей тапсырма берді. Құрылысты жүргізіп жатқан Болгария Үкіметімен келісім жасалып, 1998 жылы ТМД елдерінде теңдесі жоқ орталық ашылды. Ашылу салтанатына Елбасының өзі қатысты. Бұл орталық Сыр медицинасының әрі қарай дамуына даңғыл жол ашты. Қазақстан мен Жапония Үкіметтерінің келісімі нәтижесінде, облыстық медицина орталығына 3 млн 800 мың доллардың медициналық құрал-жабдықтары грант есебінен алынды.

2000-2004 жылдары саланы жүйелі қаржыландырудың тиісті қадамдары жасала бастады. Облыстағы емдеу, алдын алу мекемелерінің функциялары айқындалып, дәрігерлердің білімін жетілдіру, айлық жалақыларының төлену тәртібі, медициналық құрал-жабдықтар бөлінісі, жаңадан салынатын құрылыстар төңірегінде жүйе орнады. Жаңадан қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансері, облыстық балалар ауруханасы, қалалық әйелдер кеңес беру орталығы және қысқартуға кеткен аудандық денсаулық сақтау бөлімдері мен ауылдық ауруханалар ашылды. Медицина қызметкерлерінің біліктілігі мен білімін көтеруге, әсіресе дәрігерлерді жақын және алыс шет елдерде оқыту үрдіс алды. Науқастар жоғары мамандандырылған медициналық көмек алу үшін квота жүйесімен Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы клиникаларға жіберілді.

Саланың бюджеті 2 млрд теңгеге жетіп, 2005 жылы «Денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамыту» жөніндегі бағдарлама бекітілді. Бағдарламада саланың материалдық-техникалық жабдықталуы, дәрігерлер білімін жетілдіру, сала менеджерлерін даярлау көзделді.

2005 жылы саланы қаржыландыру 5 млрд теңге болса, 2010 жылы 13 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Осы жылдар аралығында Арал, Қармақшы, Сырдария, Қазалы аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерлері, Жаңақорған аудандық ауруханасы, Арал аудандық емханасы және 56 ауылдық емдеу ұйымдары жаңа ғимараттарға көшірілді.

Саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 4 миллиард теңгеге дейін қаржы бөлініп, қымбат бағалы құрал-жабдықтар, магнитті резонанстық томограф (МРТ) пен компьютерлік томография (КТ) қолданысқа енгізілді. 2009 жылы біздің облыс республикада бірінші болып, өз қаржысымен шалғайдағы науқастарға шұғыл медициналық көмек көрсету үшін ұшақтармен қамтылған санитарлық авиация қызметін пайдалана бастады. Кардиохирургиялық орталық ашылып, өңірімізде жүрекке ашық оталар жасала бастады.

Бағдарлама аясында денсаулық сақтау саласындағы менеджмент, ресурстарды басқару және қаржыландыру, жалпы тәжірибелік дәрігер сұрақтары бойынша 1000-ға тарта маман қайта даярлаудан өтті. Саладағы тың идеялар 2011-2015 жылдар аралығында «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Саланы қаржыландыру 14 млрд теңгеден 34 млрд теңгеге дейін көтерілді.

Заманауи Ана мен бала орталығы, типтік жобадағы №3 қалалық емхана, Шиелі, Тереңөзек, Қармақшы, Жалағаш аудандық емханалары және ауылдарда 38 медициналық жаңа ғимараттар салынды. 5 жыл ішінде 375 мамандандырылған санитарлық автокөлік жаңадан алынды. Шалғай елді мекен тұрғындарының денсаулығын тексеру үшін жылжымалы медициналық кешеннің қызметі орасан болды.

2012 жылы облыстық медицина орталығы базасында Нейроинсульттік орталық ашылып, инсульт алған науқастарға ота жасау мен қалпына келтіру қолға алынды. 5 жыл ішінде 3529 науқасқа жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіліп, тұрғындар астананың, Алматының жоғарғы клиникаларына баруды азайтты. 2014 жылы облыс дәрігерлері елімізде төртінші болып, бүйрек ауыстыру отасын жасады. Алыс-жақын 28 мемлекетпен қарым-қатынас орнатып, халықаралық бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындарында оқыту жолға қойылды. 5 жыл ішінде 6000-ға тарта маман қайта даярлаудан өтті.

2013 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен «2013-2014 жылдарға арналған Жол картасы» қабылданып, оны іске асыру үшін 4,4 млрд теңге қарастырылды. «Жол картасы» аясында, ана мен бала денсаулығын нығайту мақсатында заманауи қондырғылар алынса, жедел жәрдем қызметі жетілдірілген автоматты жүйеге көшірілді. Облыстағы туберкулезге қарсы емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Жалпы тәжірибелік дәрігерлермен қамту жүзеге асырылды. Осы жылы өңірлер арасында денсаулық сақтау саласы бойынша 1 тұрғынға жұмсалатын шығын 53 105 теңгені құрап, облысымыз Нұр-Сұлтаннан кейінгі екінші орында тұрды.

Тәуелсіздіктің 25-жылында, Елбасы 2016-2019 жылдарға «Денсаулық» бағдарламасын бекітті. Облыстың денсаулық сақтау саласында іргелі өзгерістердің ең бастысы – алғашқы медициналық көмек көрсету саласына басымдық беріліп, емханаларда мамандандырылған бөлімдер ашылды, бірнеше емдеу ұйымдары – Түгіскен дәрігерлік амбулаториясы, Жаңақорған аудандық емханасы, облыстық балалар ауруханасы пайдалануға берілді.

Республика көлемінде біздің облыс бірінші болып толығымен жалпытәжірибелік практикаға көшті. Медициналық көмектің сапасын жақсарту мақсатында облыстағы денсаулық сақтау жүйесінің желісі нормативке сәйкестендірілді. Соңғы 4 жылда 59 денсаулық сақтау нысаны салынып, олардың 91%-ін (55 нысан) БМСК ұйымдары құрады.

Облыстағы денсаулық сақтау ұйымдарын заманауи медициналық техникамен жабдықтауға 2016-2019 жылдар аралығында 7 888,4 млн теңгеге медициналық құрал-жабдық сатып алынып, нәтижесінде жарақтандыру көрсеткіші 63,7%-тен (2016 ж.) 75,22 %-ке көтерілді (2019 жыл).

Халықтың денсаулығы мен жарқын болашағы үшін күресте медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі орасан. Былтырдан бері бүкіл әлемді шарпыған пандемиямен күресте дәрігерлердің табандылығы, ерлікке пара-пар еңбегінің арқасында індеттің бетін қайтара алдық. Қаншама ай бойы үйлерінен жыракта, өз денсаулықтарын қатерге тігіп, қауіпті вируспен күресіп, алдыңғы шепте жүріп, адамзат баласына қалқан болды. Бүгінде өңірде індет жұқтырған 19370 адам тіркелсе, оның 97%-і жазылды. Пневмониямен ауырған 2680 науқастың 2484-і (92%) емделіп шықты (01.08.2020-12.12.2021 ж.).

Қазіргі таңда инфекциялық төсек-орын саны 295, оның ішінде реанимациялық төсек-орын саны 43, бүгінге жүктеме 28% құрап отыр. Резервтік төсек-орын санын қосқанда 3200 төсек-орын әзірленетін болады. Құрылысы 2020 жылы басталған модульдік стационар жұмысы іске қосылды. Режимді түрде 6 оттегі шығару станциясы (оның 2-і 2020 жылы көпбейінді облыстық және Қазалы ауданаралық ауруханаларында іске қосылды) жұмыс жасауда. Дәрі-дәрмек қоры қалыптасқан. Коронавирус инфекциясына қарсы күрес жұмыстарына қажетті медициналық кадрлар мен құрал-жабдықтар жеткілікті.

(Анықтама ретінде: медициналық ұйымдар 686 оттегі концентратор (индикатор – 586 дана), 251 ӨЖЖ (индикатор – 251), 8 компьютерлік томограф (индикатор – 8), 66 рентген аппаратымен қамтылған (индикатор – 25). Облыс бойынша 121 дәрігерлік мобильдік топ үйден ем жасауда. Дәрілік заттардың тұрақтандыру қорына жергілікті бюджеттен 488 млн теңге қаржы бөлінді (10.12.2021 жылғы жағдай бойынша 17 фармацевтикалық ұйым 281,2 млн теңгесін пайдаланды).

Облыста ұжымдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында екпе алуға қабілетті (18 жастан жоғары) 452 мың (452 480 адам) тұрғынның I компонентпен 90,7%-і (410 543 адам), II компонентпен 80,3%-і (363 472 адам) вакциналанды.

Бұдан бөлек, Pfizer вакцинасының 23400 дозасы жеткізілді. Температуралық режимді сақтауға 4 тоңазытқыш орталық қоймаға Үкімет тарапынан алынды. Бүгінге Pfizer вакцинасының I компонентімен 10840 тұрғын вакциналанды (8510 – 12 жастан 18 жасқа дейінгі балаға ата-аналарының рұқсатымен, 1071 – жүкті және 1259 – босанған анаға екпе салынды), II компонентімен 718 тұрғын вакциналанды.

Сонымен қатар, 22 қарашадан ревакцинация жұмыстары басталып, қазірге 1281 тұрғын қайта екпе алды.

Облыс бойынша үй жағдайында дәрігерлік және динамикалық бақылауды қажет ететін науқастарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында мобильдік бригадалар ұйымдастырылды. Мобильдік бригадалар облыстағы бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарында ашылды. Биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап барлығы 161 мобильдік бригада құрылды. Мобильдік бригадалардың 38-і қала деңгейінде болса, 28-і аудан орталықтарында және 95-і елді мекендерде ұйымдастырылды. Құрамы аймақтық дәрігер, аймақтық мейірбике және жүргізушіден жасақталды. Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған мобильдік бригадалар үй жағдайында созылмалы аурулары бар пациенттер мен егде жастағы адамдарға дәрігерлік және динамикалық бақылау жүргізуде, тәуекел топтағы адамдар ерекше бақылауда.

Медициналық көмекті уақытылы және сапалы көрсету көрсеткіштерінің бірі – ол жедел жәрдем қызметі. Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының санитарлық автокөліктерін жаңарту мақсатында Республикалық бюджеттен лизинг арқылы 40 санитарлық автокөлік қараша айының бірінші жартысында толықтай жеткізілді.

Коронавирус инфекциясына қарсы күресте мамандар тапшылығын жою мақсатында аймағымыз 99 жас маманмен толықты. Дәрігер жетіспеушілігін болдырмау мақсатында басқа профильдегі мамандарға арнайы семинар оқулар өткізілуде.

Коронавирус инфекциясына қарсы күресте кадр резервін қалыптастыру мақсатында 3500 медициналық кадр жасақталды. Эпидемия кезінде мамандықтарына қарамастан барлық мамандар жұмылдырылып, науқастарға медициналық қызмет көрсетті.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 4 сәуірдегі №ҚР ДСМ-28/2020 «COVID-19 коронавирусымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған денсаулық сақтау ұйымдарының жұмыскерлерін қаржылық қолдаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының негізінде облыс әкімдігінің қаулысымен комиссия құрылды. Денсаулық сақтау ұйымдарын тәуекел топтары бөлінісінде медициналық қызметкерлерге (дәрігерлер, орта және кіші медициналық қызметкерлері) үстемеақы белгіленетін жұмыскерлер тізімін айқындау үшін жұмыстар жүргізілді. Эпидмаусым басталғалы іс-шараларға тартылған барлық 36 843 қызметкерге 6,8 млрд теңге төленді, оның ішінде ең көп қызметкерлер тартылған тамыз айында 3977 медициналық қызметкерге 629,8 млн теңге үстемақы төленді.

Коронавирус инфекциясына қарсы күрес жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылып, коронавирус инфекциясын және вирусты пневмония жұқтырған 526 медицина қызметкерлерінің құжаттары «MarCOVID» ақпараттық жүйесіне енгізіліп, оның 526-сына төлем тағайындалды. Одан бөлек инфекциямен күресте қайтыс болған 12 медицина қызметкерлерінің туыстарына қаржысы аударылды.

Сыр өңірінің медицина саласы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мамандандырылған дәрігерлік көмекті дер кезінде көрсете алатын, адам өміріне жауапкершілікті сезіне білетін, аурудың алдын алу жүйесі қалыптасқан, заманауи емдеу әдіс-тәсілдерін меңгерген, материалдық-техникалық тұрғыда жабдықталған, кемелденген қалыпта қарсы алып отыр. Алда талай-талай белес бар, кейінгі жылдардағы сындарлы кезеңнің мойынымызға жүктеген ауыр міндеттерін орындау, өткеннің қателіктерінен сабақ ала отырып, келешекке ұмтылу керек. Осы жолда жұмылған жұдырықтай еңбек етуге, Тәуелсіздігіміздің мерейін асыра түсуге тиіспіз. Сол мақсатымызға жетейік!

Сабит ПАЗИЛОВ,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының еркіндікке ұмтылған алғашқы қадамы десек болады. Кезінде оған тоталитарлық режимнің берген бағасы тым қатал болды. Қазақ халқы ұлтшыл деп айыпталды. Студент жастар қамалды, зиялы қауым өкілдері қудаланды. Уақыт өте келе, 1994 жылы Тәуелсіз Қазақстанның Конституциялық соты осы оқиғаға тікелей қатысы бар, бейбіт шеруді зорлықпен басып, тұншықтырған лауазымды қызмет иелерінің әрекетіне халықаралық құқық тұрғысынан баға беру үшін олардан жауап алған еді. Осыған қатысты деректерді газет оқырмандарына ұсынуды жөн көрдік.

Sb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Құжаттар қалай сөйлейді?

ҚР Конституциялық сотына бұрынғы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Саламат Мұқашевтің бергентүсінігінеүзінді: «...Барлық партия-кеңес органдары, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары Мұхтар Шаханов КСРО халық депутаттарының 1-съезінде сөйлегенге дейін Г.Колбиннің пленумдарда, ЦК-ның Бюро мәжілістерінде, кеңестерде, баспасөзде, радио мен теледидарда сөйлеген сөздері мен сұхбаттарында айтылған фактілерді, онда келтірілген пікірлер мен тұжырымдарды басшылыққа алуға мәжбүр болып келді. Ол кезде оған сенбеуге ешкімнің негізі болмады. Осының нәтижесінде Г.Колбиннің оқиға кезінде және одан кейін берген бағасы, оның жеке нұсқауы, шешімі, қорытындысы барлығы үшін Орталық Комитеттің басшылыққа алатын практикалық ұстанымы ретінде қабылданды.

...Егер шын мәнінде шеруді күшпен тарату жөнінде бұйрық болса, оны тек қана Колбин біледі, мүмкін ол осындай бұйрықтың берілуіне қол жеткізген немесе келісімін берген шығар. Колбиннің сол күндері өзіне сенімді болғаны соншалық билік жауапкершілігін өзіне толық алғанын атап өткім келеді. Жаңа адам ретінде ол екінші хатшыға немесе Министрлер кеңесінің төрағасына тапсыруына болатын еді, бірақ бұлай етпеді. Сол уақытта дағдылы нәрсе – штабтарды, оперативтік топтарды құрмады, бюро мүшелеріне нақты тапсырмалар бермеді, олар жөнінде Мәскеумен келіспеді. 17 желтоқсан күнінің екінші жартысында ол мүлдем тарс жабылып алып, бірде мәскеуліктермен, енді бірде ВҚ арқылы Мәскеумен байланысып келіссөздер жүргізді. Кейін ол тұрақты түрде Горбачевті хабардар етіп, онымен кеңесіп отырғаны мәлім болды.

...Ол республиканың өзге басшыларына сенбеді, бізбен кездесуден жалтарды».

Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының судьялары С.Қасымов пен Г.Ким Мәскеуге арнайы барып КСРО-ның 1986 жылғы Ішкі істер министрі В.Власовтан түсінік талап еткенде, ол сол оқиғаларды былайша баяндап берген еді: «Оқиғаның алғашқы күні Алматымен байланыс тұрақты болды. Мен Г.Колбинмен сөйлестім. Негізгі ақпаратты Г.Князовтен (Қазақ КСР ішкі істер министрі) алып, қалыптасқан жағдай туралы М.Горбачевке хабарлап отырдым. Кешкілік Колбин менімен хабарласып, аланда берекесіздік орын алып, спирттік ішімдік пен есірткіге мас болғандар дүкендерді қиратып жатқанын, жағдайдың бақылаудан шыққанын, шұғыл шара қолданбаса болмайтынын баяндап, көмек сұрады. Кешке Горбачев үйіме телефон шалды. Жағдайдың ушығып бара жатқанын айтып, тобырды қуып, тарату үшін өрт сөндіру машиналарын қолдануға келісімін берді.

18 желтоқсанда СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде Алматыдағы оқиға арнайы қаралды. Мәжілісті Горбачев жүргізді. КГБ төрағасы, Қорғаныс министрі сөйледі. Алматыға арнайы мақсаттағы әскери құрамаларды жіберу мәселесі талқыланды. Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Рыжков менен «арнайы әскерлерді ұшақтармен Алматыға бірнеше сағат ішінде жеткізу мүмкіндігі бар ма?» деп сұрады. Мен «көлік ұшақтарының елдің әртүрлі аймақтарынан болғаны дұрыс» дедім. Сол жерде Қорғаныс министріне тиісті нұсқаулар берілді.

Алматыда әскер құрамаларын қолдану операциясына Г.Колбин, Қазақ КСР Бас прокуроры Г.Елемесов, КСРО Ішкі істер министрлігінің ішкі істер әскерінің штаб бастығы В.Дубняк басшылық жасады. Ертеңіне 18 желтоқсан күні Колбин маған телефон шалып: «Рахмет. Операция сәтті аяқталды» деді. Әскерлер 2-3 күннен кейін өздерінің шоғырланған жерлеріне қайтарылды. Олардың әрекеттеріне қатысты МВД тарапынан ешқандай шешім қабылданбады, тек қана ауызша нұсқаулар берілді.

Қонаевтың төңірегіндегілер туралы айтарым, оларды түрмеге бекер отырғызды. Бұл туралы мен сол кезде де ашық айтқан болатынмын. Өкінішке қарай, үлкен саясатта компромат әдіс-тәсілдерін қолдану сол уақыттың қалыптасқан дағдысы болатын...»

Г.Колбин түсінік беру үшін Ресейдің Конституциялық сотына шақырылды. Бірақ ол бас тартты. Үйінде әңгімелесуге келісім бермеді. Конституциялық сот судьялары С.Қасымов пен Г.Кимге телефон арқылы былайша түсінік беруге мәжбүр болды. Мазмұны бұрмаланбас үшін Қазақстанның бұрынғы басшысының сөзін орыс тілінде жариялауды жөн көрдік:

«Я уже неоднократно заявлял вам, что я давно гражданин другого государства. Я не подчиняюсь законам вашего государства. Не хочу иметь никаких дел с Казахстаном. Участвовать в вашем судебном процессе в любом качестве не желаю. Мне глубоко безразличны ваши судебные процессы. Стройте свое государство, наслаждайтесь своей независимостью. Братайтесь, целуйтесь друг с другом. Поощряйте национализм. Все это теперь ваши проблемы. Вы теперь независимы – можете делать все, что хотите. Что вы хотите от меня? Отстаньте от меня. Больше не звоните ко мне. Категорически отказываюсь встречаться с вами. Я отказываюсь получать от вас какие-либо материалы. Я не то чтобы встречаться с вами – я вас видеть и слушать не хочу».

Желтоқсан оқиғасы кезінде КСРО Бас прокурорының орынбасары болған Д.В. Сорока былайша жауап берді:

«Орын алған жағдайға байланысты 1986 жылдың желтоқсанында мені Алматыға жіберді. Мен жалпы бақылауды жүзеге асырып, жергілікті прокуратура органдары қызметкерлерінен Қазақ КСР және КСРО Конституциясы негізінде іс-қимыл жасауды талап еттім. Менде ешқандай айрықша өкілеттік болған жоқ. Әрбір мәжілісте заңдылықты қатаң сақтауды талап еттім.

...Мен үшін қазір Ғ.Елемесовтың (Қазақ КСР Бас прокуроры), А.Мызниковтың (Қазақ КСР Бас прокурорының орынбасары) жауапкершіліктен жалтарып, барлығын бізге жапқысы келетіні түсініксіз. Өздеріңіз қараңыздар, қандай да бір нақты адамның құқығы бұзылғандығын айғақтайтын бірде-бір құжатта менің қолым бар ма екен? Мен бірде-бір қылмыстық іс қозғаған, бірде-бір адамды тұтқындаған жоқпын. Бірде-бір адамды қамауға нұсқау бергенім жоқ. Тіпті мен заңсыз нұсқау бергеннің өзінде Елемесов пен Мызниковтың оларды орындамауға құқы бар болатын. Менің ештеңеге қатысым жоқ. Сіздердің соттарыңызға мен келмеймін.

ҚР Конституциялық сот судьялары С.Қасымов пен И.Ким медицина ғылымының докторы, Алматы диагностикалық орталығы иммунология институтының зертхана меңгерушісі Ирек Ғазизұлы Даурановтан түсініктеме алды.

– Сіздің Үндеу жариялауыңызға нендей жағдайлар себеп болды?

– Желтоқсан оқиғасынан екі-үш күн өткен соң жаздым. Қызмет орнына Фурманов көшесінің жоғары жағына қарай кетіп бара жатқанмын. Қолдарындағы шоқпарымен студент жастарды ұрып-соғып, оларды мұзды сумен қуып жүрген көздері қанталаған солдаттарды көрдім.

...Түнде шошып ояндым. Күндізгі оқиғаның жантүршігерлік көріністері көз алдыма келді. Мен бұл оқиғадан шет қала алмадым. Үндеуде барлық ұлт өкілдеріне Мәскеудегі коммунистік лидерлердің арандатуына иланып қалмай, бір-біріне қол ұшын беріп, өз халқын ұрып-соғып жатқан Үкіметпен қалай бірге өмір сүруге болатынын ойлану қажеттігін айттым. Үндеуді екі жерге ілдім.

...Қамауға алындым. КГБ қызметкері А.Нарманбетов және басқалар үйімде, қызмет орнымда, саяжайда тінту жүргізді. КГБ-ның тергеу абақтысында 4 ай жаттым. Психологиялық қысымның сан түрі жасалды. Туыстарыммен жолықтырмады. Тағам алдыртпады. Ауырғанымa, өтініш білдіргеніме қарамастан дәрігер шақыртпады. Ақыр соңында әрекетімде қылмыстық белгі жоқ деп босатты. Босағаннан кейін 2-3 ай өткенде КГБ-ға қайта шақырды. Подполковник Закревский еткен әрекетіме өкініш білдірген мақала жазуымды талап етті. Бас тартып едім, алдыма алдын ала жазылған мақаланың мәтінін көрсетті. «Жазбасаң, осы мазмұнда бүкіл Кеңес халқының қарғысына ұшыраған адам кейпінде өзіміз жариялаймыз» деді. Мұндай арандатушылыққа төзбедім, ақыры өкініш білдірген мақала жазуға амалсыздан келісім бердім.

...КГБ-мен келісім бойынша партия ұйымының хатшысы Б.Хабибжанов, педиатрия институтының директоры А.Машкеев жиналыстарда маған орыс халқына қарсы шықты деп күйе жақты. Ал мен жазған үндеуде орыс халқына қатысты бірде-бір сөз жоқ болатын. «Казахстанская правда» менің қолыммен шыққан мақаланы әрбір қызметкердің институт кітапханасынан оқуын талап етіп, олардың маған деген жиіркенішті көзқарасын қалыптастырды. Осындай қорлыққа 5 жыл бойы төзуге тура келді. Ақыр соңында қызметімді ауыстыруға мәжбүр болдым...

Қазақ КСР Бас прокурорының бұрынғы орынбасары Анатолий Ефимовтың берген жауабы: «...Оқиға кезінде науқастанып жаттым, алдымен үйде, кейін 4-басқарманың жансақтау бөліміне жатқызылдым. 1987 жылдың 2 қаңтарында жұмысқа шықтым. Жұмыста КСРО прокуратурасының қызметкерлері сапырылысып жүр. Бақылау қатаң. Олар әрбір үкімді Мәскеуге жіберіп отырды. Қазақ КСР прокуроры Ғ.Елемесов маған: «Ұсталғандардың ішінде оқиғаға қатысқанымен елеулі заң бұзушылыққа бармағандар болса, оларды тездетіп босату немесе тиісті шара көру қажет» деді. Ол заңдылықты барынша сақтауға назар аударып отырды.

Барлық нұсқау Орталық Комитеттен түсіп отырды. Оған ЦК-ның әкімшілік органдары бөлімінің меңгерушісі В.Ефимов басшылық жасады. Істерді барынша жылдам қарауға тапсырма берілді.

...Көшелерде, алаңдарда жүздеген, мыңдаған адам ұсталып, қамалды. Оларға әкімшілік жаза ретінде хаттама толтырылды, тіпті кейбіреулері бойынша ешқандай құжат толтырылмады. Азаматтарды ұстап, қамау заңдылығына Қазақ КСР бас прокурорының орынбасары А.Мызников жауап беретін. Сонымен бірге ол оқиғаға орай құрылған тергеу бойынша штаб жұмысын басқарды.

– Бірқатар қылмыстық істерді өз бақылауыңызға алғаныңызды немен түсіндіресіз? Қарамағыңыздағы прокурорға істер бойынша тек қана қоғамдық айыптаушы болу қажеттігі, еркінен айыру жазасының мерзімін тағайындау, заңсыз сотталғандардың шағымдарын қараудан бас тарту туралы тікелей ауызша немесе жазбаша нұсқаулар беріпсіз.

– ...Бас прокурор Ғ.Елемесовтен мен сотта тек қана қоғамдық айыптаушы болу керектігі туралы нұсқау алдым... Бірақ жазаның мерзімі туралы нұсқау бергенім жоқ. Прокурорлардың менің осындай нұсқау бергенім туралы неліктен айтқанын білмедім.

...Иә, Хасен Қожа-Ахметтің ісі бойынша прокурор Сүйіндіков маған оның құрамында қылмыстың белгісі жоқ деп баяндады. Іс айрықша бақылауда болғандықтан шешім қабылдамай оны Елемесовке және Мызниковке жібердім.

...Мен шағымдарды қараудан неге бас тарттым? Бұл істерге сол кезде осындай көзқарас болды. Оларды қайта қарауды ешкім ойлаған емес. Елемесов ЦК-дан 34 адамның тізімін әкеліп, сотталғандарға жақсы мінездеме берілгенін айтып, істі қайта қарау қажеттігін ескертті. Мен бұл тізімнің КГБ-дан түскенін білдім. Біз қарсылық білдірілген 15 іске қол қойдық. Сол-ақ екен, мені шұғыл түрде ЦК-ның әкімшілік органдары бөлімінің меңгерушісі В.Ефимов шақыртып: «Сен неліктен жаппай қол қойып жатырсың? Сен немене қайта құруға қарсысың ба?» деді. Жұмысқа келдім. Мән-жайдан хабардар Елемесов: «Қарсылық білдірілген 15 істі бірден топырлатып апармай, бір-бірлеп ұсыну керек еді ғой» деді.

–Жекелеген қарсылық білдірілген істер неліктен кері қайтарылды? Рысқұлбековтың сотында болған прокурор Баймұханбетов сіздің барлығы үш азаматқа, оның ішінде Рысқұлбековке ату жазасын талап еткеніңізді айтады.

– Жоғары сот төрағасының орынбасары Пушечников, мүшелері Колповская, Башаримова, Юрченко, тағы басқаларының ұстанымдары осындай болды. Олар алдын ала байбалам салып, қарсылықтардың өтпейтінін айтатын. Біздің прокурор маған баяндап, оларды кері қайтаратын. Рысқұлбековтің ісі бойынша прокурор маған баяндап, мәселелерді Елемесов және Мызниковпен бірге шешіп отырды...

Желтоқсан оқиғасының құжаттары осылай дейді. Оқиға салдарынан көптеген адам жазықсыз жазаланды. Бірақ тарих барлығын орнына қойып берді. Арада небәрі 5 жыл өткенде Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады.

Құрмет төріндегі қария

Адам атаулыға баға беретін халық. Сенің жақсылы-жаманды істеріңді елеп-екшеп, талғам таразысына салатын да халық. Содан да халыққа қызмет ету – қалпақты құр қайырып кию емес.

Қаламгер болған соң Сыр өңірінің түкпір-түкпіріндегі, бітім-болмысы бөлек азаматтармен сыйлас та сырласпыз. Жүрегінің кірі жоқ жандармен туысасың, табанының бүрі жоқ пенделерден суысасың. Арқасы қорған ағаларды ардақтап, ізеті бөлек інілерге ардақталасың. «Жақсының шарапаты жалпақ елге жетеді» деп атам қазақ айтқандай, осындай айтулы азаматтың бірі – Арал ауданының құрметті азаматы Нұралы аға (халық Нұраш деп атап кеткен) Оспанов.

***

Кім-кімге де өмір өрісінде кездесе беретін қиындықтар мен кедергілерді ол да көрді. Әкесі Шүйінішәлі Ұлы Отан соғысына 1941 жылы қазан айында аттанады. Бұл анасының құрсағында, анасы Салтанат болса Зейнеш, Айнаш есімді екі қызымен қала берген.

– Анамның айтуынша, – деп еске алады Нұрекең, – сол бір сұрапыл соғыста әкеміз Қиыр Шығыс майданында болған. Сауатты кісі екен, офицерлік штатқа алынып, аға лейтенант шенімен взвод командирі болыпты. Әкеміз 840 сом (рубль) жалақы алып, соның тең жартысын ай сайын анамыздың атына жіберіп отырыпты. Үйдегі үш жан осы азын-аулақ ақшамен күн көріпті. Әкеміз 1945 жылдың 24 қаңтарында, яғни жеңіске 3 ай, 15 күн қалғанда қайтыс болып, Германияның Рангсдорф деревнясына жерленген екен. Өкімет 420 сомды әскер отбасына жәрдем ретінде беріп тұрды. Бірақ сол жәрдемақы көзін көрмеген әкемнің маңдайымыздан сыйпалап, еркелетіп өсірген шапағатына жете ме? Мектепте оқып жүргенде әкесі бар балаларға қызыға да қызғана қараушы едім. Оның не айтатыны бар, мына біздер, соғыс жетімдері әкемізді аңсаумен өскенбіз ғой, – деді.

Маркұм анасы Салтанат балаларын қатарынан кем қылмай мәпелеп өсірді. Нұрағаң ерте есейеді. 1949 жылы Қамбаш орта мектебіне 1-сыныпқа барды. Кейін Арал қаласындағы №15 мектебіне ауысты. 1959 жылы Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы институттың физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1964 жылы жоғары білім алып шықты.

Соғыс жылдары дүниеге келген балаларға жоғары оқу орындарында оқу оңай болған жоқ. Сабақтан тыс уақытта біреулері көркем әдебиет үйірмесіне, бірі спорттық секцияларға барды. Нұралы да қатарынан қалмай алғашында баскетбол, волейболмен шұғылданды. Тәжірибе жинақтай келе волейболдан алымды спорт шеберлерінің қатарына қосылады. Институтттың құрама командасы сапында ойнап, облыстық, республикалық сайыстарда өз шеберлігімен көзге түсті.

Бала күнінен қос ішекті домбыраны серік еткен ол институттағы көркемөнер үйірмесіне да қатысып, жас күйші атанды. 1960 жылы Нұралының өмірінде естен кетпес бір оқиға болды. Атаулы мерекеге байланысты институт жастарынан 120 өнерпаз жасақталып, Алатау етегіндегі әсем шаһарға сапарлады. Студенттер қойған «Біржан-Сара» көрерменге ұнады. Беу, жастық шақтың жалындаған алауыай!

1964 жылы институтты бітірген жас маман еңбек жолын №85 Сульфат сегізжылдық мектебінде бастайды. Алдыңғы буын аға-апаларының тәлімін алды, білмегенін үйренді. Өзінің ізденімпаздығы, шәкірттерге деген ыстық ықыласы арқасында құрметті болды. Уақыт өте келе осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі, кейін мектеп директоры болды. 1973 жылы аудандық білім бөлімінің инспекторы болып ауысты. Кейін аудандық сырттай оқу орта мектебінің, қалалық №83 орта мектебінің, №2 мектеп-интернатының директоры қызметтерін 21 жыл бойы абыроймен атқарып, ел-жұрттың алғысына кенелді. 1994 жылдан бастап аудандық білім бөлімін басқарды.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, ұрпақ тәрбиелеудегі атқарған шаруасы шаш етектен. Шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде жауапты қызметтер атқарып жүр. Бірі – ғалым, бірі – ақын-жазушы, ал енді бірі – ұлағатты ұстаз болса, бірі – ақ халатты абзал жан.

Тоқырау жылдары өндіріс орындары ырғағынан жаңылып жұмыссыздық белең ала бастады. Сол кездегі аудан әкімінің шешімімен алдымен аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы, кейіннен «Арал балық өнеркәсібі» ашық акционерлік қоғамы бас директорының орынбасары қызметтеріне жіберілді. Өмір жолының осы сатыларының бәрінде де абыройлы болды. Елдің еңсесін тіктеуде өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Нұралы Оспанов 2000 жылы Арал қалалық №220 орта мектебіне директорлық қызметке келіп, 4 жылдан соң зейнет демалысына шықты. Осылайша ағамыз аудандағы бес мектепті 31 жыл басқарды. Білім саласының айтулы ардагері анасын ықыласпен еске алады.

– Әкем соғысқа кетіп, ана құрсағында қалған менің азамат болып қалыптасуыма асыл анам Салтанаттың сіңірген еңбегі өлшеусіз. Оның бейнетқорлығы арқасында жетімдік көргенім жоқ десем де болады. Аяулы жанның 90 жасқа келіп, өмірден озғанша менің маңдайымды сыйпаған алақан жылуы әлі есімнен кеткен жоқ, – дейді ол.

***

Ол кездері студент жастарды ауыл шаруашылығы жұмыстарына апаратын. Нұрағаң мен Қазына жеңгемізбен студенттік жылдары танысады. Тілектері табысқан екі жас 1964 жылы отау құрды. Міне, сонан бергі 60 жыл бойы жүректері бірге соғып, шүкір, осы күнге жетті. Нұрекең бүгінде керегесі кең, босағасы берік отбасының атасы, Қазына – әжесі атанып, бау-бақшалы әулетке айналған. Сөз орайы келгенде Қазына жеңгеміздің 25 желтоқсан күні 80 жасқа толатынын айта кетейік.

Қазына – шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берген ұлағатты ұстаз. Ағажеңгеміз 6 перзентті болып еді. Әттең, өмір деген осы ғой, екеуі дүниеден ертерек кетті. Үлкені Жанар Оспанова көп жылдан бері банк саласында еңбек етеді. Қазір «Отбасы банк» АҚ облыстық филиалында бөлім басшысы. Жалғасы мұнай компаниясында еңбек етеді. Ал, Маралы атаналарының жолын қуды. Кенжесі Азамат «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-тың Колорадо штатындағы университетте оқыды. Қазір химия өнеркәсібі саласында еңбек етіп жүр. Немере-шөберелері де өсіп, өркен жайып келеді. Нұрағаң мен Қазына жеңгеміз ұл-қыздарының қызықтарына кенеліп отыр.

– Мен өзімнің ардақ тұтар ағаларымен, қатар өскен замандастарымен сыйлас та сырлас болып, тәлімді тәрбие алғанымды мақтан етемін. Олар – Ебейсін Исаев, Әріп Өксікбаев, Райғани Сүлейменов, Сағитжан Сермағамбетов, Айжарық Оразымбетов, Темірхан Мақсұтқалиев, Оңдасын Абылаев, Айжарық Сәдібеков. Бүгінде 90 жастың төрінен орын алған Шәкірат Дәрмағамбетов, Құдайберген Саржанов, Әбілбай Садықбаев, Кішкене Айбосынов. Бұлардың қай-қайсысы болмасын туған жердің дамуына айрықша үлес қосқан ардақты азаматтар.

Иә, Нұрағаңның өзі де елі құрметтеген абзал азамат. Адал еңбек адамды қашан да құрметке бөлейді. Нұрекеңнің ел алдындағы еңбегі еленбей қалған жоқ. Кешегі кеңестік заманда Арал қалалық кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. «Қазақстан халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алды. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл, 20 жыл», тағы да басқа мерекелік медаль иегері атанды. «Арал ауданының құрметті азаматы» атағын алды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» және республикалық ардагерлер кеңесінің «Мақтау грамотасымен» марапатталды. Аудандық ардагерлер кеңесіне басшылық жасады. Ал бүгінде Арал ауданды ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүр.

Сөз соңында, бүгінде 80 жасқа толған Нұралы Оспанов ағамызға шынайы тілектестігімізді білдіреміз.

Еркін ӘБІЛ,
қазақ журналистикасының
қайраткері, Арал ауданының
құрметті азаматы

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2019 жылдың 24 тамызында қайтыс болған азаматша Улманова Жаксилик Умирзаковнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.**

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі ҰҚК құрметті ардагері
Серғара Ізтілеуұлының
қайтыс болуына байланысты маркұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Жерұйықтағы» жан сәулесі

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Серікбай Қошқаровтың «Жерұйық» кітабының тұсаукесері өтті.

Алғашқы сөз кезегін алған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бағдат Кәрібозұлы кітаптың мазмұнына әдеби тұрғыда кең көлемді талдау жасап, жалпы оқырманға жол тартқан «Жерұйық» атты жаңа туындыны ұлттық сипаттағы шығармалар жинағы деп бағалады.

– Қазақтың мықты ақыны Қасым Аманжолов өлең жолдарында айтқандай, кез келген шығармада автордың болмысы танылып тұрады. Осы орайда кітапты оқи отырып, кейіпкерлер ішінен қалам иесінің өзін іздедім. Ал, Серікбай Иманбайұлының азаматтық, адалдық болмысы – әріптестері мен шәкірттеріне әрдайым үлгі. Автор шығармаларында адами құндылықты биіктетіп, жат әдеттерден арылуға жетелейді.

Бір мысал айтайын, орыстың атақты жазушысы Л.Толстойдан бір жас жазушы «Қалай жаман жазбауға болады?» – деп сұрапты. Сонда Л.Толстой «Егер жазбауға мүмкіншілігің болса жазба» дейді. Арада біршама уақыт өткенде әлгі жас жазушы тағы келіп, «Қалай жақсы жазуға болады?» – деп сұрайды. Бұл сауалға Л.Толстой «Жазбауға мүмкіншілігің қалмаған кезде жаз» – деп жауап берген екен. Демек, көпті көрген, көкірегіне мол қазына жиған ғалым ұстаздың жазбауға мүмкіндігі қалмаған сияқты, – деді Б.Кәрібозұлы.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының басшысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға

Есімсейітова: – «Жерұйық» кітабы ең әуелі осы Сырдың бойы, туған жердің тұрмыс-тіршілігі, іс басында жүрген азаматтар мен қарапайым еңбек адамдарының болмысын өте әсерлі суреттейді. Сол оқиғалардың астарын терең түйсініп, ғибрат алуға шақырады. Сондай-ақ, шығармалар ішінде халқымыздың бүгінде қолданыстан шығып қалған, көптеген көне сөздері кездеседі. Ол да оқырманның сөздік қорын байыта түседі, – деді.

Шарада Қорқыт ата атындағы университет профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберлиев, осы университеттің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ғабит Тұяқбаев пікірлерін білдіріп, «Жерұйық» әңгімелер жинағын көркем әдебиетке қосылған сүбелі еңбек деп баға берді.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев кітап авторы Серікбай Иманбайұлының ағартушылық саласындағы, білім мен ғылымды дамытуда, дарынды шәкірттер тәрбиелеуде атқарған зор еңбегіне тоқталып, ұстаздық болмысын үлгі етті. Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы университет профессорлары Рабиға Игенбаева, Қали Омаров, «Сыр бойы» облыстық басылымы атынан Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ғазиза Әбілда жаңа кітап жайындағы ой-пайымдарын ортаға салды. Шараны облыстық кітапхана басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас жүргізді. Айта кетейік, аталған кітапқа байланысты әдебиетшілер мен ғалымдар пікірі осыған дейін де облыстық басылым бетінде жарық көрді.

Осылайша Серікбай Қошқаровтың әңгімелер мен естеліктерден тұратын «Жерұйық» атты көркем шығармалар жинағы көпшілік оқырманға жол тартты.

Ғ.ҚОЗЫБЕККЫЗЫ

Құттықтаймыз

Арал қаласының тұрғыны, досымыз Мұрат Жанғазыұлын пайғамбар жасымен құттықтаймыз

Өмір деген қалтарысы мен бұлтарысы, биігі мен құламасы көп сара жолда абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлік жасқа жетіп отырсың. Жүрегің қалаған кәсіптің көкжиегіне қол артып, қажымай-талмай еткен еңбегіннің арқасында отыз жылға жуық Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі Арал аудандық бөлімінің басшылық қызметі барысында өскелең ұрпаққа өнегелі ісіңмен танылдың. Халық игілігі үшін атқарған қалтқысыз қызметіңнің жемісін көрудесің. Жасыңа жас қосылып, отанасы Қуанышпен бірге перзенттеріннің рахатына, немерелеріннің бал күлкісіне бөлене бер демекпіз.

Қол ұстасып бақыттың кемесінде,
Жеттің бүгін 63-тің белесіне.
Аяулы Қуаныш атты зайыбыңмен,
Мәуелі шаңыраққа егесіңдер.
Қашанда өзіңмен біз мақтанамыз,
Шуақты мейіріміннен бақ табамыз.
Ортамызда аман боп, жүз жасашы,
Деп ізгі тілектерді ақтарамыз.

Ізгі тілекпен достары:
Үрзия, Әмірхан-Зәмзәгүл, Жалғас-Ұлмекен, Тілектес-Ақзия

КӨРМЕ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, қолөнер шебері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Жәнібек Маханбетов пен Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Шәкірбек Сәменовтің «Дала тынысы» атты шығармашылық көрмесі ашылды.

«Дала тынысында» дара туындылар

Шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов және ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Суретшілер одағы басқармасының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов ашып, шынайылық пен әсемдік үйлесім тапқан өнер туындыларының мәдениет пен руханият үшін құндылығы жоғары екенін айтты. Сондай-ақ, өнердің сабақтастығын үзбей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына осындай шаралардың ықпалын атап өтті.

Көрменің мақсаты – Қазақстанның бейнелеу өнерін шетелдерге насихаттап жүрген танымал өнер иелерінің шығармашылығын дәріптеу.

Көрмеге талантты суретшілердің 100-ге жуық туындылары қойылды. Сыр мәдениеті мен өнерін айғақтайтын Олардың кәсіби мәнері, шеберлігі келушілерді тәнті етті. Айта кетейік, өнер иелері республикалық, бүкілодақтық көрмелерге қатысып, жүлделі орындар алған.

Шараға мәдениет саласының қызметкерлері, өнер иелері, ЖОО студенттері қатысты.

«СБ» ақпарат

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Желтоқсан оқиғасының батырының бірі, парасатты азамат Ерлан Бисембаев Қармақшы ауданының Құрметті азаматы атанды» дегенді естігенде қатты қуандым. «Қуаныш бөліссең көбейеді» деген бар. Шоқтығы көп адамнан биік інімді құттықтауға асыққанмын. Өткен жылы мен Қазалы ауданының дәл осындай атағын иеленгенде бірінші болып құттықтаған Ерлан болатын.

Sb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Шыңдалған достық

Кенет... Ұялы телефоныма қоңырау соғылды. «Кімді айтсаң, сол келеді» демекші, Ерлан қоңырау шалып тұр. Тұтқаны толқи көтердім. Алатаудай айбарлы бауырым қашанғы дағдысымен маған «ағалап» құрақ ұшып жатыр. Екеуміз телефон арқылы мәре-сәре болып қалдық. Аз-кем тілдескеннен кейін Ерланнан өзі туралы мақала жазуға рұқсат сұрадым.

Ал Ерлан :

– Аға, мен туралы жазып жүрсіз, көп рахмет! Алла сыйласын! Өзіңізге ініңіздің айтар бір өтініші болып тұр. Қазалының Қожабақы ауылында тұратын Дархан Бекжан атты жігіт бар. Желтоқсан оқиғасында белсенділік танытқан азамат. Алматыда қатар оқып, дос болдық. Желтоқсанда бірге жүрдік. Біз оны «қазақ» деп атайтынбыз. Орыс тілі үстемдік құрған сол кездің өзінде орысша сөйлеген адамға қазақ тілінде жауап қайтаратын. Сотталмады демесеңіз, Желтоқсанда қайрат қылған азаматтың бірі. Аңқылдаған адам. Мен айдауда жүргенде үзбей хабарласып, тілекші болған адал досымның бірі. Дәкеңнің Желтоқсан оқиғасы кезіндегі қайсарлығы еленбей жүр. Соны жарыққа шығарсаңыз дұрыс болар еді. Айтпақшы, Дарханды сіз де жақсы танисыз, өзіңіздің құрдасыңыз, – демесі бар ма?!

Міне, қызық! Өзім жақсы сыйлайтын құрдасым Дархан Бекжанның Желтоқсан оқиғасына қатысқанын бұрын естісем де дәл осындай белсенділік танытқанын терең білмеуші едім. Әрі оны Ерлан Бисембаев сияқты қайсар қазақтың жоғары бағалауы мен үшін күтпеген жаңалық болды. Орайы түскенде Қармақшы ауданының су жаңа Құрметті азаматы Ерлан Бисембаев туралы қысқаша дерек келтірсем.

«...Алаңға жиналған жастар теңіз толқынындай тербелді. Осы мезетте ортаға шыққан ашаң тұлғалы келіншек қолындағы 2-3 жасар сәбиін нұсқап «Мына оңбағандар өзімді таяққа жықты. Баламды да ұрды», – деп ашынды. Ерланның жерлесі Шәріп бет-аузы қан-қан бүлдіршінді жоғары көтеріп, көпшілікке жүзін бұрған. Кенет…шепті кие-жара алға ұмтылған аға лейтенант шеніндегі әскери адам әйелдің жағынан шапалақпен тартып-тартып жіберсін. Бойын ашу кернеген Ерлан құлаштай ұрып аға лейтенантты мұрттай ұшырды. Кейін тергеуде осы көрініс пен «Әр ұлттың өз көсемі» деген ұранды көтеріп тұрған суреті Ерлан Бисембаевты соттауға басты айғақ болды.

Үкім жарияланды. Жеті жыл түрмеге кесті. Білегін кісен қысқан Ерлан сот залынан асқақ кейіпте шықты. Алғашқыда Алматы, Қызылорда түрмелерінде болды. Кейін Ресейдің Нарышкина поселкесіндегі зонаға этаппен аттандырылды. «Қожайындардың» ондағы ойлары қайсар қазақтың жігерін жасыту болса керек. Ерланды атақты 31-камераға әкеліп қамады. Өңшең көкжалдар жиналыпты. Босағадан кірген бойда ұзын бойлы, шүңірек көзді шикіл сары:

Суретте: Дархан Бекжан мен Ерлан Бисембаевтың студенттік шағы

– Сен орыстарды ұнатпайтын көрінесің, – деп тістенген-ді.

Ерланның алысса қарсыласына күші еркін жететіні мәлім. Оның үстіне грек-рим күресінің тәсілдерін шебер меңгергені бар. Ерлан нық дауыспен:

– Мен орыстың емес, екеумізді қапасқа салғандардың жауымын, – деп қысқа жауап қайтарды. Камерадағы тыныштықты бұзған шекесінде тыртығы білеуленген дәу бұны бастан-аяқ шолып өтіп:

– Жарайсың, жігіт! Сені Пугачев деп білемін, – деп суық жымиды...

Ерлан мақтаған Дархан Бекжанмен тілдесуге асықтым. Жүздесіп, біраз сырға қанықтым. Достары «қазақ» деп әспеттеген Дарханнан естіген әңгімені өзгертпей, сол қалпында оқырман назарына ұсынып отырмын.

– 1986 жылдың 16 желтоқсаны күні түстен кейін сабақта отырғанымызда Дінмұхамед Қонаевтың орнына Колбин деген біреу Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып тағайындалғанын естідік. Аудиторияны көңілсіздік жайлады. Рас екен. 17 желтоқсан күні сабаққа ерте бардым. Факультет деканының орынбасары Әнуар Дәуренбеков ағай алдымнан кездесіп «Дархан, жастар алаңға жиналып жатыр екен» деді. Сөзге келместен «мен кеттім, ағай» дедім. Бардым. Брежнев атындағы алаңда Мир-Сәтпаев көшелерінің қиылысында 50 шақты қазақтың ұл-қызы жиналып тұр екен. Көп ұзамай қолдарына ұран сөздер, плакаттар ұстаған жақын жердегі оқу орындарының студенттері келіп қосылып, көбейіп кетті. Арада қаншама уақыт өтсе де сол көрініс еске түсіру қиын.

Трибунада ең бірінші болып қазақтың қарапайым қызы Гүлнара Нұркенова сөз сөйледі. «Көрген қорлығымыз аз емес. Қайтпаңдар бауырларым!» деп ашынды. Айтпақшы, қолында кішкентай баласы бар.

Мінберге жақындап келген Бюро, Пленум мүшелеріне көпшілік тарапынан Қазақстанды қазақ басқарсын, қазақ өз жерінде неге өгейдің күйін кешеді, жабылған қазақ мектептері қайта ашылсын деген т.б әртүрлі талаптар қойылды.

Күн еңкейе қарулы әскер тарпа бас салды. Бастарында каска, бір қолында дубинка, екінші қолында қалқан. Жастар бейбіт түрде тұрған. Билік қазақ жастарымен санаспай мәселені күшпен шешкісі келді. Текке кім өлгісі келеді дейсіз?! Аласапыран басталды.

Түннің бір уағында курстас достарым Машарап Шоқбаров, Нұртай Сабильянов және мен үшеуміз жатақханаға бірге қайттық. Соңғы автобусқа мінген екенбіз. Жолда төбелесіп, жатақханаға зорға жеттік. Кірер ауызда факультет деканы Кәкім Дүйсембаев пен декан орынбасары Олег Михайлович Елистратов тұр екен.

18 желтоқсан күні артқы есіктен (черный ход) ерте шығып, Брежнев атындағы алаңға тағы бардық. Нағыз қантөгіс сол күні болды. Бір солдаттың дубинкасы тиіп, есімнен танып қалыппын. Айта кетерлігі, сол тұста қаракөз қарындастардың табандылығы ер-азаматтардан кем болған жоқ. Екінші рет таяқ жеп, есімнен танып қалғанда Жарас Тәппетов деген, қазір марқұм болған біздің ауылдың баласы көмектесті.

Аяқ киімімді әкеліп беріп, қармен беті-қолымды жуып есімді жидырды.

Сол қасіретті күндердегі достарым Машарап Шоқбаров, Болат Шоныков, Ұлан Өмірсеріков, Нұртай Сабильянов, Арынғазы Қайырбаев, Батырхан Сүттіхожанов, Хазбулат Кенжеғұлов, Серік Сермағамбетов, Мұрат Ергешбаев, Нұрлан Садырбаев, Ержан Исабеков, Мейрамбек Сағымбаев, Әбілғазы Томаев, Шапан Кенжебаев, Каден Дармаханов, өзге де көптеген азаматтарға (марқұм болғандары да бар) құрметпен басымды иемін, – дейді Дархан тебіреніп.

Желтоқсанда шыңдалған достық деген осы шығар.

Қазалы ауданы

Дау мұраты – бітім

Құқықтық дауларды соттан тыс шешудің маңызы кейінгі жылдары жоғарғы органдар басшыларының сөздерінде атап айтылып жүр. Себебі, дауды сотсыз шешу – бұрыннан бар үрдіс. Бабаларымыз «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп, ұрпағын бесікте жатқаннан-ақ бірлік пен татулыққа тәрбиелеген.

Ұланғайыр қазақ даласында түрме де, сот та болмаған. Дау біткенді ауылдың аузы дуалы ақсақалдары мен билері шешіп, үкімін кесіп отырған. Дауласушылар кез келген келіспеушілікте билер сөзіне жүгініп, олардың шешімін бұлжытпай орындаған. Халқымыз қай заманда да, елдің ата дәстүрін заңмен теңестіре құрметтеген. Қазіргі уақыт талабы да, дау-дамай шешуде осындай оңтайлы шаралардың қажеттігін дәлелдеп отыр.

Бабалар жолы, бітімгершілік институтын дамытуда ұлттық құндылықтарға бетбұрыс жасалып, ҚР Медиация туралы заңы қабылданды. Азаматтық процестік кодекстің бір тарауы түгелдей татуластыру институтына арналды. Дауды соттан тыс реттеудің тиімді тәсілдері заңнамалармен бекітілді. Осылайша елімізге медиацияны дендеп енгізу шаралары жан-жақты қарастырылды. ҚР Жоғарғы Соты тарапынан бұл тұрғыда тың бастамалар көтеріліп, түрлі пилоттық жобалар жүргізілуде.

Атап айтқанда, «Дау-жанжалды сотқа дейін реттеу», «Татуласу: сотқа дейін, сотта», т.б. пилоттық жобалар бар. Еліміздің барлық аумағында сотсыз татуласу орталықтары ашылды. Азаматтық процестік кодекс нормасына сай бүгінде медиацияға кәсіби немесе кәсіби емес медиаторлармен қатар судьялар да кеңінен араласа алады. Істі басқа судьяға беру, немесе тараптардың талап-арызы бойынша істі қараған судьяның медиацияны жүргізу құқығы бар. Соттарда арнайы келістіруші судьялар қарастырылған. Мұның бәрі – дауларды соттан тыс реттеу аясы кеңіп, бітімгершілік рәсімдерін қолдану тетіктері артқанының көрінісі.

Ең тиімдісі медиацияда ұтқан не ұтылған жақ болмайды, азаматтардың араздықты өзара келісіммен бітіруіне барынша жағдай жасалады. Бітімгершілік рәсімдерінің басты мақсаты – тараптар татулығын сақтап, сот жүктемесін төмендету. Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық инстанциялардың соттарында кеңесу бөлмесіне кетуіне дейінгі талқылаудың кез келген кезеңінде, сонымен қатар, сот актісін орындаған кезде жасалуы мүмкін және оны сот бекітеді. Татуласу келісімі жазбаша жасалады. Оны жасасқан адамдар осы келісімді көзделген тәртіппен және мерзімде ерікті түрде орындайды. Егер ерікті түрде орындалмаған жағдайда татуласу келісімін жасасқан адамның өтініш хаты бойынша атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Дау-жанжалды татуласу тәсілдерімен бітірудің тиімділігіне күн өткен сайын сотқа жүгінушілердің көзі жетуде деуге толық негіз бар. Бұған медиациямен бітетін істер санының артуы дәлел. Әсіресе, медиация отбасылық дауларда тиімді. Дауды өзара келісіммен бітірудің ең алдымен өздері үшін тиімді екенін тараптардың көбісі сот отырысы барысында, яғни, медиацияның артықшылықтарына көз жеткізгенде түсінеді. Тәжірибеден байқағанымыз, азаматтарға медиацияның мүмкіндіктерін жан-жақты насихаттау шаралары әлі де жетілдіруді қажет етеді. Олай дейтініміз, тараптардың көпшілігі татуласу, бітімге келу, дауды келісіммен бітіру шараларының заңмен нақтыланғанын сотқа келгенде ғана біліп жатады. Судьялар тарапынан бұл тұрғыда атқарылып жатқан шаралар көп. Дегенмен, елде медиацияның кеңінен қанат жаюына әрбір заңгер мен медиатор, тиісті мамандар тыңғылықты атсалысса дұрыс болар еді.

Медиатор – кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізетін тәуелсіз жеке тұлға. Міндеті – өзінің бейтараптығымен, әділеттілікпен, дауласып жүгінген екі жақты татуластырып, бітістіріп, келісімге келтіріп, келісім-шартқа қол жеткізу. Медиаторға судьяның өкілеттігі, шешім қабылдау, оны орындату құқы берілмеген, керісінше ол тараптардың өзара тиімді бітім арқылы келісімге келуіне ықпал жасайды. Медиация тәжірибесінің мақсаты – билер соты сияқты дауласушы тараптарды бітімге келтіру.

Д.ТАЙЫРОВ,
облыстық кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 26175 Тапсырыс №1812 Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**